



ПРЕЗИДЕНТ ПӘКИСТАНҒА БАРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 3-4 ақпан күндері Пәкістан Ислам Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

Сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Шахбаз Шарифпен және Президент Асиф Али Зардармен келіссөздер жүргізіп, саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту перспективасын талқылайды.

Сонымен қатар Қазақстан-Пәкістан бизнес форумына қатысу жоспарланған.

ТАҒАЙЫНДАУ



Президент Жарлығымен Әсет Ерғалиев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі — Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ МА?



Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында авиация саласын дамытудың маңыздылығын атап, жаңа халықаралық рейстерді іске қосу, азаматтардың әлемді еркін аралауына жол ашу, халықаралық көлік-транзитін дамыту қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ саладағы олқылықтарды қозғап, Үкіметке тиісті тапсырма жүктеді.

→ 6

ҚҰТТЫҚТАУ



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан журналистерін Ұлттық басылым күнімен құттықтады.

Бұл туралы Президенттің кеңесшісі — Баспасөз хатшысы Айбек Смадияров мәлімдеді.

Мемлекет басшысы бұқаралық ақпарат құралдары Әділетті Қазақстанды құруға және қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға елеулі үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

Президент мерзімді баспасөз өкілдерін конституциялық реформаны, сондай-ақ тұтас мемлекеттік жүйені түбегейлі жаңғыртуға бағытталған басқа да ауқымды өзгерістерді БАҚ-та жариялау кезінде конструктивті жұмыс істеуге үндеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев құттықтауында патриотизм ұғымына жауапкершілік пен жасампаздық тұрғысынан қарап, заңды құрметтеу арқылы егемендігімізді және тәуелсіздігімізді қорғау ұлты мен дініне қарамастан әрбір отандасымыздың міндеті екенін айтты.

Мемлекет басшысы отандық журналистер осынау аса маңызды іске белсенді атсалысатынына сенім білдіріп, оларға толайым табыс пен бақ-береке тіледі.

«БӨЛІП ТӨЛЕУ» — БОЛАШАҚТЫ ҰРЛАЙТЫН ҚҰРАЛ

Ал осы өсімнің басты қозғаушысы – бөліп төлеу жүйесі, яғни BNPL. Бұл модель қысқа мерзімде халықтың тұтынуын ұстап тұрғанымен, ұзақ уақыт бойы жалғаса берсе, қарыз жүктемесін күрт ауырлатып жіберуі әбден мүмкін. Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясының есебіне сәйкес, жаңа тұтынушылық несиелердің 50%-дан астамы дәл осы бөліп төлеу схемаларына тиесілі. Бұл әсіресе алаңдатарлық, өйткені 2022-2023 жылдары тұтынушылық несиелеу жылына 34-42% аралығында өсіп, ЖІӨ мен халықтың нақты табыстарының өсімінен бірнеше есе асып түсті.

→ 5



Илья ЖАҚАНОВ,
композитор:

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

Қиындықтың мыңдаған жолынан өткен қазақ даласынан Қаныш Сәтбаевтай планетадан жарқырайтын тұлғаның шығуына қандай нәрсе түрткі болды? Бұл – үлкен білім мен біліктіліктің, өресі зор, мәдениеті биік халықтың бойынан табылатын қасиет. Демек, осындай дара тұлғалардың өмірге келуі – заңдылық. Шынын айту керек, біздің халқымыз жан-жақты бай халық, рухани жағынан да, өнерден де, ғылымда да, әдебиетте де болсын мұраға және дара тұлғаларға бай. Айталық, Олжас Сүлейменов. Міне, ол кісінің арқасында біз кешегі ядролық қасіреттен құтылдық.

→ 7

СУБСИДИЯДАҒЫ СЕКЕМ

Президент ауыл шаруашылығын тиімділігі жоғары, өнімі ұшан-теңіз сапалы сала деңгейіне жеткізу міндетін қойды. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, отандық өнімнің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызын атап өтті. Цифрландыруға, ЖИ мен инновацияны енгізуге, агроөнеркәсіп кешенін жаңғыртуға ерекше назар аударды. Алайда жуырда жүргізілген ауқымды тексеру салада кемшіліктің көптігін әшкереледі. Жүздеген миллиард талан-тараж болған. Ауыл шаруашылығының халықты жұмыспен қамтуы азайған. Бұған не себеп?

Мемлекет басшысы өз Жолдауында аграрлық сектордағы тиімді мемлекеттік реттеу мен бақылаудың өте маңызды рөл атқаратынын нықтап еді. Алайда дәл осы жағы ақсап жатқаны анықталған. Триллиондар бөлінді, тәртіп қайда? Осы сұраққа жауап іздеген Үкіметтің аудиті агроөнеркәсіптегі жүйелі олқылықтарды ашты.

Агроөнеркәсіп кешеніне соңғы екі жылда 1,2 трлн теңгеге жуық мемлекеттік қолдау көрсетілгенімен, оның едәуір

бөлігі нақты экономикалық нәтиже бермегені. Қағаздағы есеп пен өмірдегі нәтиже арасындағы алшақтық тағы да күн тәртібіне шықты.

РЕВИЗОРЛАР НЕ КОРЫТЫНДЫҒА КЕЛДІ?

Мемлекет басшысының бюджет тәртібін күшейту жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Үкімет экономиканың негізгі салаларында қа-

ражаттың қаншалықты тиімді жұмсалып жатқанын жүйелі түрде талдауға кірісті. Премьер-министр Олжас Бектенов жасанды интеллектінің көмегімен қашықтан, ақпараттық жүйелер арқылы IT-аудит жүргізіп жатқан мекеме – Қаржы министрлігінің басшысы Мәди Такиевтің агроөнеркәсіп кешеніне жүргізілген тексеруінің алдын ала нәтижелері жөніндегі баяндамасын тыңдады.

(Жалғасы 6-бетте)



КӘРІ ҚҰРЛЫҚҚА ЖОРЫҚ:

АЯҚТАЛҒАН «ЕРТЕГІ»

Келесі маусымда Чемпиондар лигасына шығуды болжау өте қиын. Себебі қарсыластар әзірге белгісіз, жеребенің қалай түсетіні де үлкен рөл атқарады. Мұндай факторлардың барлығын ескермей, алдын ала нақты болжам айту оңай емес. Дегенмен мұндай жетістік тұрақты түрде қайталанады деп кесіп айтуға да әлі ерте.

→ 8



3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Сенат Төрағасы

ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ДАМУДЫҢ БЕРІК НЕГІЗІ

Бұл жаңғыру — Әділетті Қазақстанның жаңа конституциялық моделін қалыптастыру жолындағы батыл қадам. Өйткені жаңа Ата Заң жобасында әділдік, заң үстемдігі және тең мүмкіндік қағидаттарына баса мән берілген. Әділеттілік формалды ұран емес, нақты құқықтық және институционалдық мазмұнмен толықтырылып отыр. Сол арқылы мемлекет қоғам алдында есеп беретін, ал азаматтар өз құқықтарын қорғауда нақты тетіктерге ие болатын жаңа өзара қатынас моделі қалыптасады. Бұл — билік пен халық арасындағы алшақтықты азайтып, ашық әрі әділ басқару жүйесін орнықтырудың маңызды жолы.

Жаңа өзгерістер Парламенттің өкілеттігін күшейтуді және саяси жүйенің тиімділігін арттыруды көздейді. Сол арқылы заң шығарушы биліктің рөлі нығайып, өкілді органның Үкімет пен атқарушы билікке ықпал ету тетіктері кеңейеді. Мұндай қадам өкілді биліктің салмағын арттырып, халықтың саяси процестерге қатысуына тын серпін береді. Парламенттің күшеюі биліктің бір орталыққа шоғырлануын шектеп, саяси жүйедегі ашықтық пен жауапкершілікті қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде, қабылданатын шешімдерде қоғамның мүддесі толық ескеріледі.

Сондай-ақ билік тармақтары арасындағы тепе-теңдік пен өзара жауапкершілік күшейіп, саяси жүйе бұрынғыдан да жинақы, айқын әрі нәтижеге бағытталған сипатқа ие болады. Мемлекеттік аппараттың қызметі формализмнен арылып, нақты қоғамдық сұраныстарға жауап беруге бейімделеді. Мұндай жүйе ішкі тұрақтылықты сақтаумен қатар, сыртқы өзгерістерге де икемді әрекет етуге мүмкіндік береді. Осылайша, қоғамның билікке деген сенімі нығаяды.

Жалпы, жаңа Конституцияны ішкі факторлар мен сыртқы сын-кәтерлерге берілген салмақты жауап деп қабылдаймыз. Себебі әлемде орын алған тұрақсыздық, геосаяси өзгерістер және ішкі әлеуметтік сұраныстар мемлекеттің құқықтық негізін жаңаша қарауды талап етіп отыр. Бұл талаптар елдің конституциялық негіздерінде ескерілуге тиіс.

Жаңа Конституция жобасы Қазақстанның егемендігі мен тәуелсіздігін сақтауға, аумақтық тұтастығын қорғауға және ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған нақты құқықтық нормалармен толықтырылған. Бұл құжат мемлекеттің сыртқы қысымдарға төтеп беру қабілетін арттырып, ішкі бірлікті сақтаудың институционалдық негізін қалыптастырады. Сондықтан аталған жоба мемлекетіміздің бүгінгі және болашақтағы мүддесі қатар қамтылған, заманға сай құжат екені анық.

Тағы бір ерекше атап өтер жайт, жаңа Конституция жобасының мазмұны, баптардың атаулары, жаңа бөлімдердің мәні жай техникалық түзетулер емес, терең ойластырылған тұжырымдамалық жаңғырудың нәтижесі екені. Мәтіннің жатық, барынша түсінікті жазылуы да Ата Занның бюрократиялық тілден бас тартқанын, анағұрлым жүйелі әрі жұмыр бола түскенін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, жаңа Конституцияның жобасын Қазақстанның жарқын болашағына бағытталған жүйелі қадам деп қабылдаймыз. Бұл — уақыт талабы, қоғам сұранысы және тарихи жауапкершіліктің тоғысуынан туындаған шешім. Әділетті Қазақстан идеясы енді тек саяси бағдар ғана емес, Ата Занмен бекітілген нақты даму жолына айналып отыр.

Осы жолда ұлт болып ұйысу аса маңызды. Себебі конституциялық реформаларды жүзеге асыру — тек биліктің емес, барша халықтың ортақ жауапкершілігі. Бірлік пен ынтымақ бар жерде ғана әділетті, қуатты және бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптасады. Сондықтан барша қазақстандықты осындай тарихи кезеңде Мемлекет басшысының айналасына топтасып, бірліктің озық үлгісін көрсетуге шақырамын.

КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА ФИЛОСОФИЯСЫ

Барша қазақстандықтар өткен аптаның соңында жаңа Конституцияның жобасымен танысты. Алғашқы жолдарынан-ақ оның ұғынықты стилі, жатық тілі алдағы маңызды конституциялық өзгерістерді жұртшылықтың бірден түсініп қабылдауына септігін тигізеді. Азаматтардың қызу талқылап, БАҚ-та жан-жақты пікірталастар өрбіп жатқаны еліміздің негізгі құжатын қабылдау ісіне жұртшылықтың белсене араласуға ниетті екенін айқын көрсетіп отыр.

Сондай-ақ кейінгі күндері ел азаматтары жаңа Конституция жобасы қалай талқыланғанын, оның көпшіліктің көз алдында жария түрде ашық өткенін тікелей бақылауға мүмкіндік алды. Сол арқылы Қазақстанның әр азаматы аталған ұлы тарихи процеске өзінің де қатысы барын, ел тағдыры — халықтың қолында екенін айқын сезіне алды. Әр норма төңірегіндегі қызу пікірталас, жобаның әр бөлісегіне қоғамның ерекше қызығушылық танытуы бекер емес. Өйткені бұл — уақыт талабы.

Президенттің «халықпен біргеміз» деген ұстанымы жұртшылықтың белсенділігін арттырып, әр азаматтың мемлекет тағдырын қалыптастырудағы өзіндік рөлін ұғындыра түсті. Баршаға өз ұсыныстарын енгізуге мүмкіндік берілді.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия ауқымы жағынан төндессіз жұмыс атқарды. Ұсынылған әрбір бастамаға үн қатып, мыңдаған ұсынысты жүйеледі.

Казіргі сын-кәтерлер жаңа ережелер мен жаңа стандарттарға деген сұранысты туындатып отыр. Отыз жылдан астам уақыт еліміз өз дамуында үлкен жолдан өтті. Біз көп жұмыс атқарып, сан сынақты еңсердік.

Жаһандағы алмағайып жағдай мен әлемдік саясаттың мың құбылуы, Қазақстан қоғамы санасының түбірімен жанаруы, әділеттілік пен өзгеріске деген сұраныстың артуы — казіргі заманның нақты талабы. Осының бәрі мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасында түбегейлі трансформация мен өзгерісті, жаңаша қоғамдық келісімді, жаңа мән-мағынаны талап етті.

Бұл орайда Мемлекет басшысы эволюция жолын таңдап, ауқымды әрі дәйекті саяси өзгерістер процесін бастап берді. Жаңа Конституция жобасы осы үздіксіз процесінің шарықтау шыңына айналды. Бұл — мүлде жаңа концептуалды құжат. Ол осыған дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы Ассамблеясы отырыстарында қоғам мен мемлекет арасында өткен жан-жақты талқылаулардың нәтижелерін қамтыды.

Жаңа Ата Занның жобасын күллі Қазақстан халқының ой-пікірі, мұң-мұқтажы, арман-ансары көрініс таппан «Халық Конституциясы» деп атауға толық негіз бар. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев көпшіліктің талап-тілегін терең түсіне отырып, Әділетті Қазақстан құруды Конституцияда ең жоғары мақсат ретінде шегелей бекітуді тікелей ұсынды.

Осы ретте соңғы жылдары әр қазақстандықтың көңіліне ұялап, жанына жақын бола түскен Зан мен тәртіп, Адал Азамат, Таза Қазақстан сияқты құндылықтар жаңа Конституция жобасының преамбуласы негізіне айналды. Олар Конституцияның барлық нормасының өзегін құрап, болашақ ел дамуының берік моральдық-құқықтық іргетасын қалады.

Бұл басты қағидаттар еліміз үшін бетбұрысты кезеңде ұлтымызды ұйыстырып, мемлекеттік шешімдердің әділдігіне деген сенімді нығайтып, әрі қарай орнықты дамуымызға бағдар бергенін атап өткен абзал. Олардың конституциялық деңгейде бекітілуі — жұртшылықтың көптен күткен үмітінің үлесінен шыққан шынайы жауап болмақ.

Негізгі заңның жобасында еліміздің болашақ заң шығарушы органы — Құрылтайдың жаңа архитектурасы ұсынылған. Бір палаталы жаңа Парламентке айтарлықтай пәрменді функциялар

Ерлан ҚОШАНОВ,
Мәжіліс Төрағасы



беріледі. Олар биліктің түрлі тармақтары арасындағы тежеме-лер мен тепе-теңдік жүйесін толығымен жанартады.

Құрылтайдың тек партиялық тізім арқылы жасакталуы халықтың барлық топтарының мүддесін мейлінше кең әрі жүйелі қамтамасыз етеді. Белсенді азаматтық ұстанымы бар қазақстандықтар да саяси партияларға мүше болу арқылы жаңадан құрылатын заң шығарушы органға өте алады. Бұл қадам партиялардың қызметін жандандырып, мықты саяси ойыншылардың пайда болуына, жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуына жол ашалады.

Құрылтайда партиялардың өкілдік етуі жұртшылықтың өз мүддесін заңнама деңгейінде тікелей әрі тұрақты арналар арқылы жеткізуіне мүмкіндік береді. Саяси партиялардың түрлі идеологиялық платформалары Парламенттегі пікірталастардың мазмұны мен мәнін, қабылданатын заңдардың сапасын арттыра түседі. Түптеп келгенде, бұл Мемлекет басшысының «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын барынша орнықтырады.

Осы жылдары біз халықпен тікелей диалог орнату — Мемлекет басшысы саясатының бұлжымас бағдары екеніне куә болып келеміз. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы қағидатты ұстана отырып, Халық Кеңесін құру бастамасын көтерді.

Заңнамаға бастамашылық ету құқығы бар бұл жаңа конституциялық институт мемлекеттік биліктің жаңа құрылымымен ұтымды үйлесім таппақ. Ол біздің көпкірлері қоғамымыздың — этностардың, конфессиялардың, өңірлердің барлық аспектісі ескерілетін, жете ойластырылған мемлекеттік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл — мемлекет тұрақтылығының, оның үйлесімді дамуы мен «Бірлігіміз — әралуандықта» принципінін институционалдануының кепілі.

Ендігі кезекте Негізгі заңға тек азаматтардың жалпыхалықтық референдум арқылы ғана өзгерістер енгізе алатыны жаңа Конституция нормаларының орнықтылығын көрсетеді.

Жаңа Конституцияда Президенттің елдегі жоғары саяси биліктің кепілдендірілген алмасымдылығы туралы бағыты жалғасын тапты. Іс басындағы Президент өз лауазымынан мерзімінен бұрын босаған жағдайда екі ай ішінде міндетті Президент сайлауы өткізілетіні туралы норма енгізіледі.

Мемлекеттік билік тармақтарының тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету үшін жаңадан вице-президент лауазымын енгізу көзделіп отыр. Негізгі заң жобасында Қазақстанның табысты дамуының кепілі ретінде президенттік басқару формасы сақталып қалмақ.

Жалпы, ұсынылған Конституция жобасы — ел дамуының жаңа философиясы. Онда адам құқығы мен еркіндігі мызғымас әрі негізгі басымдық ретінде бекітіледі және солай болып қалады.

Бұдан бөлек, мемлекет Ата Заң деңгейінде адами капиталды, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға кепілдік береді. Енді адамның жеке басының біліктілігі, жақсы білімі, интеллектісі, адал еңбегі алдыңғы қатарға шығарылады. Олар елдің табиғи байлықтарынан әлдеқайда бағалы бола түсіп, негізгі құндылықтарымызға айналады. Осылайша, жаңа Конституция жобасында адамның ең басты орында тұруына терең мән беріліп отыр.

Жаңа Ата Занды қабылдай отырып, біз күллі әлем қоғамдастығына Қазақстанның Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстан құрып жатқанын паш етеміз. Онда әр азаматтың дамуына, өмірден өз орнын табуына тең және әділ мүмкіндіктер беріледі. Ал ел шекарасы мен аумақтық тұтастығының бекемдігі туралы нормалардың бекітілуі сыртқы ықтимал сын-кәтерлерге нақты жауап болмақ.

Жалпы, жаңа Конституция жобасы — жарқын болашаққа бастайтын батыл қадам. Президент айтқандай, ол әлемде қалыптасқан казіргі күрделі кезеңде біртұтас Қазақстан халқына бағыт сілтейтін маңызды құжатқа айналады.

БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ПРОГРЕССИВТІ ҚҰЖАТ

Премьер-министр Олжас Бекте-нов Ұлттық ғылым академиясы мүшелері, мемлекеттік органдар басшылығы, бірқатар облыс әкімдері және бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен ғылым мәселелері, ғылыми жобаларды жүзеге асыру және Ұлттық ғылым академиясының әлеуетін экономиканың түрлі саласын дамытуға тарту мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Президенттің экономика салаларын цифрлық трансформациялау жөніндегі тапсырмасын орындау аясында ғылым мен нақты сектор кооперациясын нығайту, сондай-ақ ғалымдарды қолдау шаралары талқыланды.

Жиынды ашқан Премьер-министр жаңа Конституция жобасын ашық әрі нақты түсіндірудің маңыздылығына тоқталды. Құжатта қоғамда болып жатқан жоспарлы саяси және экономикалық өзгерістер көрсетіліп, ел дамуының жаңа бағдарлары, оның ішінде білім, ғылым және инновация саласындағы басымдықтар белгіленгені атап өтілді.



«Ата Занның жаңа жобасы — болашаққа бағдарланған прогрессивті құжат. Онда адам және оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Біз Конституция жобасында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Зан мен тәртіп» жаппай үстемдік құрған, «Әділетті әрі таза Қазақстанды құру» идеясы халықтың кең қолдауына ие болғанын көріп отырмыз.

Жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясы басты орынға қойылады. «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы саяси жүйенің тұрақтылығы мен сабақтастығын орнықтыра түседі», — деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жаһандық деңгейдегі өзгерістер мен жоғары технологияның қарқынды дамуы және «орта державалар» рөлінің артуы

жағдайында конституциялық реформаның заман талабына сай уақытылы жасалған қадам екені баса айтылды.

Талқылау барысында ғылыми ортаның өкілдері жаңа Конституция жобасын қолдап, пікір білдірді. Ғылымды мемлекеттің тұрақты дамуының негізі ретінде шоғырландыру жөніндегі бастамалар ерекше атап өтілді.

«Жаңа Конституция жобасы адам құқығы мен бостандығын мемлекеттің басты басымдығы ретінде бекітіп қана қоймай, Қазақстанның ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық дамуының негізі саналады», — деп атап өтті Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күршібаев.

«Бүгінде медицина ғылымының дамуы — ғылыми прогресс қана емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік пен орнықты денсаулық сақтау жүйесін нығайтудың негізгі факторы. Конституцияның жаңа жобасында ғылымды мемлекеттің тұрақты дамуының негізі ретінде қарастыру аса маңызды екені сөзсіз. Бұл ғылыми білім мен зерттеулердің және ғылыми кадрлардың еліміздің қосалқы емес, тікелей стратегиялық ресурсы екенін мойындауды білдіреді», — деді академик Вячеслав Локшин «өмір және денсаулық туралы ғылым» бағытын стратегиялық деңгейге шығару жақеттілігін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша құрылған Ғылым және технологиялар жөніндегі өңірлік кеңестердің маңыздылығы атап өтілді, олар жергілікті

жерлерде ғылыми-инновациялық дамуды басқарудың пәрменді тетігі болуға тиіс.

Салалық мемлекеттік органдардың өкілдері ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың іс жүзіндегі нәтижелері туралы баяндама жасады. Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ер-сайын Нағаспаев тау-кен металлургия кешені бойынша соңғы бес жылда сала кәсіпорындары шамамен 150 млрд теңге инвестициялап, 1,5 мыңнан астам жобаны жүзеге асырғанын атап өтті. Әзірлемелерді енгізу тікелей экономикалық тиімділікті және өнеркәсіптік қауіпсіздікті арттыруды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар физика-математика ғылымдарының докторы, атом энергетикасы қауіпсіздігі, басқарылатын термомодрольді синтез, радиоэкология және радиациялық технологиялар саласы бойынша профессор Эрлан Батырбеков, физика-математика ғылымдарының докторы Асқар Жұмалидов пікір білдірді. 2025 жылғы желтоқсанда Үкімет бекіткен Ғылымды шоғырландыру аумақтарын құрудың және дамыту тұжырымдамасы ғылыми әлеуетті шоғырландыруға, озық технологияларды жедел енгізуге және ғылыми кадрларды даярлауға жағдай жасайтыны атап өтілді. Кремний саласын дамыту мәселелеріне, соның ішінде кремнийді зерттеу саласындағы іргелі зерттеуге және еліміздің технологиялық дамуы үшін маңыздылығын көрсете отырып, бейінді зауыттар салуға назар аударылды.

БАҒДАР

3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ШЫНАЙЫ ЕЛДІК МҮДДЕНІ АЙШЫҚТАЙДЫ

Жаңа Конституция жобасы жарияланған күні Мәжілісте «AMANAT» партиясы фракциясының құжатты талқылауға арналған жиыны өтті. Депутаттар мемлекеттің алдағы уақытта орнықты дамуы мен қоғамды ұйыстырудағы бұл құжаттың тарихи маңызын атап өтті. Фракция Негізгі заң жобасына толық қолдау білдіріп, оны түсіндіруге және қоғамдық талқылауға белсенді қатысуға дайын екенін мәлімдеді.

Жиынды аша отырып, Мәжіліс Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошанов жаңа Конституция мәтіні қоғаммен бірлесіп әзірленгенін және бұл құжат Мемлекет басшысының Әділетті Қазақстанды құру жолындағы ауқымды реформалар бағытының заңды жалғасы екенін атап өтті.

«Жаңа Конституция халықпен ашық диалог жүргізу барысында қалыптасып, жұртшылықтың шынайы мүддесін айшықтайды. Сондықтан жаңа Ата Занның жобасын «Халық Конституциясы» деп атауға толық негіз бар. Ол — еліміздің орнықты дамуының берік негізі болары анық. Ұлтымызды ұйыстыратын факторға айналуы керек. Жаңа Конституция жобасының әр бабын, әр нормасын халыққа кеңінен түсіндіруіміз керек. «AMANAT» партиясы осы жұмыстың бел ортасында болуға тиіс. Бұл — біздің маңызды міндетіміз, тарихи миссиямыз», — деді Ерлан Қошанов.

Партия Төрағасы Конституция жобасына билік пен қоғамның ҰҚСК-ның, Ұлттық құрылтайдың, Қазақстан халқы Ассамблеясының отырыстарында өткен жан-жақты әрі ашық талқылаулардың нәтижелері енгенін, құжатта қазақстандықтардың арман-тілектері мен ұмтылыстары көрініс тапқанын атап өтті. Осыған байланысты, жаңа Конституция жобасының кіріспесінде кейінгі жылдары әрбір қазақстандыққа жақын бола түскен

құндылықтар — «Заң мен тәртіп», «Адал азамат», «Таза Қазақстан» көрініс тапты. Бұл құндылықтар Конституцияның барлық нормасын бойлай өтіп, мемлекеттің алдағы дамуына негіз болатын қуатты моральдық-құқықтық қалыбын қалыптастырады.

Ерлан Қошанов мемлекеттің болашақ заң шығарушы органы — Құрылтайға арнайы тоқталды. Конституция жобасына сәйкес, жаңа бір палаталы Парламент айтарлықтай күшейтілген өкілеттіктерге ие болып, билік тармақтары арасындағы тежемелік тепе-теңдік жүйесін түбегейлі жаңғыртады. Ал Құрылтайды тек партиялық тізім арқылы қалыптастыру қадамы қоғамдағы барлық әлеуметтік топтың мүддесін неғұрлым кең әрі жауапты түрде білдіруге мүмкіндік береді.

Жанартылған Құрылтай Мемлекет басшысының «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» формуласын түпкілікті бекітеді.

Сондай-ақ Мәжіліс Спикері Мемлекет басшысының Халық Кеңесін құру жөніндегі бастамасы дер кезінде қабылданған аса маңызды шешім екенін атап өтті. Бұл ұсыныс та Конституция жобасында көрініс тапты. Заңнамаға бастамашылық ету құқығы бар жаңа институт этностардың, конфессиялардың, өңірлердің барлық аспектісі ескерілетін, жете ойластырылған мемлекеттік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл мемлекет тұрақтылығының, оның үйлесімді дамуы



мен «Бірлігіміз — әралуандықта» қағидатын институционалдық тұрғыда нығайтудың кепілі болмақ.

Мемлекетті жаңғырту негізіне алғаш рет адами капиталды дамыту қадамы алынып отыр. Яғни, мемлекеттің барлық ресурсы азаматтардың әлеуетін ашуға және қолдауға бағытталады. Президенттің барлық шешімінде көрініс тауып келе жатқан осы озық идея енді ең жоғары конституциялық деңгейде бекітіледі.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев жаңа конституция жобасы алғаш рет адамға бағдарланған мемлекет моделіне көшуді заң жүзінде бекітетінін және қоғамды жаңа деңгейде біріктіруге бағытталған «Біртұтас Қазақстан халқы» ұғымын енгізетінін атап өтті. Сонымен қатар Негізгі заң жобасында дербес деректерді қорғауға ерекше назар аударылып, процесуалдық мәжбүрлеу шараларын қолдану

кезінде адам құқығын қорғаудың нақты нормалары айқындалды.

Жиын барысында депутаттар жаңа Конституция жобасындағы озық новеллалар жөнінде өз көзқарастарын білдірді. Бақытжан Базарбек пропорционалды сайлау жүйесін енгізудің маңызын атап өтіп, ол саясаткерлердің сайлаушылар алдындағы жауапкершілігін арттыратынын айтты. Қайрат Балабиев «Заң мен тәртіп» қағидаты жазалаудан емес, отбасындағы тәрбиеден және зорлық-зомбылық пен құқықбұзушылыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастырудан басталатынын жеткізді. Снежанна Имашева жаңа Конституция жобасы адам және оның құқығы мемлекет басымдығы ретінде алғаш рет Негізгі заң деңгейінде бекітетінін атап өтті. Юлия Кучинская жаңа Конституция ұрандарға емес, атсалысуға, жауапкершілікке және нақты ықпал ету тетіктеріне негізделген

кемел азаматтық патриотизм моделін қалыптастыратынын айтты.

Нұртай Сабильянов бір палаталы Парламент ең алдымен жедел шешім қабылдау мүмкіндігін, ашық жауапкершілікті және қоғамның билікке деген сенімін арттыратынын атап өтті. Нартай Сәрсенғалиев ғылым, білім және инновацияның Конституцияда бекітілуі адами капиталды мемлекеттің басты байлығы ретінде нақты мойындау екенін айтты. Никита Шаталов Парламенттің келісімімен тағайындалатын вице-президент институты билік жүйесінің тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ететін жаңа архитектураны қалыптастыратынын атап өтті.

Фракцияның барша депутаты алдағы ауқымды конституциялық өзгерістердің маңызын жоғары бағалап, жаңа Конституция жобасына қолдау білдірді.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ ЖАҢАРДЫ

«AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек «Единая Россия» партиясының Бас кеңесі хатшысы Владимир Якушев бастаған делегациямен кездесті.

Кездесу барысында Дәулет Кәрібек ресейлік әріптестеріне «AMANAT» партиясы қызметінің негізгі бағыттары туралы айтып, партия Мемлекет басшысының қоғамдық-саяси тірегі ретінде Президенттің

реформалар бағытын жүзеге асырудың алдыңғы шебінде тұрғанын атап өтті.

Сондай-ақ «AMANAT» партиясының қызметі күн тәртібіндегі өзекті мәселелер мен қоғам сұранысына бағытталғаны айтылды. Басты назарында — еңбек адамы, жастар мен аға буын өкілдері, мүгеделілер мен дәрігерлер, көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар адамдар. Сонымен қатар партия экологияны жақсарту, тұрғындардың цифрлық және қаржылық сауатын арттыру, кәсіпкерлікті дамыту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіп келеді.

Осы орайда, жанартылған келісім аясында «AMANAT» партиясы қызмет барысындағы және партиялық институттарды дамытудағы үздік тәжірибелерімен бөлісуге әзір.

Кездесу қорытындысы бойынша тараптар жанартылған келісім партия-аралық өзара іс-қимылдың тұрақты сипатын, сондай-ақ Қазақстан мен Ресей арасындағы серіктестіктің жоғары деңгейін, тұрақты диалог пен өзара сенімге негізделген қатынастарды тағы бір мәрте растайтынын атап өтті.



ТҰРҒЫНДАР МӘСЕЛЕСІ ЕЛЕУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Түркістан облысы Қазығұрт аудандық филиалында «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы, облыстық мәслихаттағы партия фракциясының жетекшісі Алтынсары Үмбетәлиевтің және Түркістан облыстық мәслихатының депутаты Нұржан Ашировтың қатысуымен керекті қоғамдық қабылдау өтті. Азаматтардың сұраныстарын тыңдау кездесуі партияның халықпен кері байланысын күшейтуге, жергілікті жердегі өзекті мәселелерді тікелей талқылауға бағытталды.

Депутаттардың тұрғындармен өткізген ашық пікір алмасу кездесуіне Қазығұрт ауданы әкімдігінің сала жетекшілері қатысып, көтерілген сауалдар бойынша жергілікті атқарушы органдар тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде қосымша мағлұматтар берді. Кездесуде азаматтардың нақты талаптарын тыңдалып, оларды шешудің тиімді жолдары талқыланды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына және тұрғындар үшін жайлы өмір сапасын қамтуға бағытталған жобаларға депутаттық деңгейде қолдау көрсетілетіні айтылды.

Кездесуде өзекті мәселе ретінде ерекше күтімді қажет ететін азаматтардың өмір сапасын арттырумен байланысты сауалдар көтерілді. Соның ішінде инвентаризация кезіндегі қаржыландырудың жеткіліксіздігі айтылып, арнайы оналту орталығын ашу мәселесі қозғалды. Жауапты өкілдердің айтуынша, инвентаризация кезінде қосымша қаржы қаралып, мемлекеттік сатып алу процедуралары өткізілген. Осы санаттағы азаматтардың медициналық мекемелерге, әлеуметтік ұйымдарға, білім беру және өзге де қоғамдық орындарға келергісіз жетуіне мүмкіндік жасауда 4 жеңіл автокөлік қарастырылған. Инвентаризация нормативтер бойынша қызмет атқаруы қадағалауда болады.

Ауданда арнайы Оналту орталығын ашуды мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде іске асыру мүмкіндіктері зертде-



ленетін болып шешілді. Бұрын осы тәсіл негізінде психоневрологиялық патологиясы бар және тірек-қозғалыс аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға оналту қызметтері көрсетілгені айтылды. Атап өтуіміз керек, қазір аудандық орталық ауруханада 20 орындық оналту орталығы ашылып, осы санаттағы азаматтарға қызмет көрсетіп отыр.

Қабылдауға келген Шарбұлақ ауылының тұрғыны Қазығұрт-Тұрбат облыстық маңызы бар автомобиль жолының бүгінгі

жағдайына алаңдаушылығын білдіріп, аталған жол учаскесінде шамадан тыс жүк артқан ауыр салмақтағы жүк көліктерінің қозғалысына шектеу қояуды ұсынды. Сондай-ақ оқыс жағдайлардың алдын алуда апатты деп танылған Шарбұлақ орта мектебінің ғимаратын бұзу бойынша жедел шешім қабылдануына ықпал етуді сұрады.

Аталған мәселелер бойынша аудан әкімдігі тиісті мемлекеттік органдарға ұсынысхаттар жолдағаны белгілі болды. Жол сапасын қадағалауда шамадан тыс

жүк артқан автокөліктерді анықтап, олардың қозғалысына тосқауыл қою рейдтік шараларын жүргізу, тозығы жеткен ғимаратты қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып бұзу мәселелері депутаттық қадағалауға алынып, олар бойынша нақты жұмыстардың жүргізілуіне қозғау салынатын болды.

Еңбекші, Өндіріс елді мекендерін газбен қамту мәселелерімен жүгінген тұрғындарға жоба-сметалық құжаттар әзірленгені, осы жобаларға қаржы бөлу мәселесі депутаттардың назарына алынғаны айтылды. Сондай-ақ Қызылдіхан елді мекенінде фельдшерлік-акушерлік пункт салу бастамасы да қадағалауда тұрғаны мәлімделді. Ауылдағы ескі мектептің ғимаратын жөндеуден өткізіп, аталмыш нысанға Тұрбат ауылдық ауруханасы мен Қызылдіхан фельдшерлік-акушерлік пунктін орналастыру жоспары бар екені жеткізілді.

Қабылдау барысында Сарыағаш—Жылағ—Монтайтас—Рабат—Сұлтан рабат автожолының Қызылдала елді мекені аумағындағы жол учаскесін жөндеуден өткізу сұранысы айтылды. Аталған жол бөлігін орташа жөндеуге қаржы қаралғаны, құрылыс жұмыстары биылғы жылы аяқталатыны хабарланды. Жанабазар ауылдық округіне қарасты Женіс елді мекенінде типтік үлгідегі 150 орындық мектеп ғимаратын салу бойынша сұранысқа жоба-сметалық құжаттар әзірленгені айтылып, құрылыс жұмыстарын бастау үшін бюджеттік өтінім берілетіні мәлімделді.

Ал Қызылтан орта мектебіне қосымша ғимарат салу мәселесімен жүгінген тұрғынға мектептің жобалық сыйымдылығы 640 оқушыға арналғаны, екі ауысымда барлығы 1280 оқушыға білім беруге әлеуеті жететіні түсіндірілді.

Қазір мұнда 920 бала білім алады, оған қоса осы елді мекенде зияткерлік мектебі жұмыс жүргізеді, осы дәйектерді келтірген сала жетекшілері мектепке қосымша

ғимарат салудың объективті себептері жоқ екеніне назар аударды.

Қабылдауға келген Атбұлақ ауылының тұрғыны бұл елді мекен көршілес Төлеби ауданымен әкімшілік-аумақтық шекара бөлігінде орналасқанын алға тартып, он шақты тұрғын өздеріне тиесілі жер учаскелерін Қазығұрт ауданындағы мемлекеттік органдарда заңдастыра алмай отырғанына шағымын айтты.

Қабылдауға келген азаматқа екі аудан арасындағы жер учаскелерін рәсімдеу тәртібі Қазақстан Республикасының Жер кодексі мен жер қатынастары саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылатынын түсіндірілді. Жер учаскесін рәсімдеу құқығы сол жер орналасқан Төлеби ауданының әкімдігіне тиесілі екені айтылып, Қазығұрт ауданының әкімдігі бұл мәселе бойынша келісім бермейтіні және жеке-дара шешім қабылдай алмайтынын атап өтілді.

Сондай-ақ азаматтардан жерге қатысты «Түгейболат» өндірістік кооперативінің иелігіндегі пай үлесі бар жайлым жерлерді қайтару мәселесі көтерілді. Пай үлесі бар азаматтар қол қойған арыз негізінде бұл мәселе бойынша арнайы жұмысшы топ құрылып, кооперативтің иелігіндегі жерлерге мониторинг жұмыстарын жүргізеді деп шешілді.

Қабылдауға келген бірқатар азамат баспана алу, әлеуметтік көмекке мұқтаждық, футбол алаңшасын салу өтініштерімен жүгінді. Партияның облыстық филиалының төрағасы мен облыстық мәслихат депутаты Қазығұрт ауылының тұрғыны, ерекше күтімді қажет ететін 5 адамның қамқоршысы болып отырған көпбалалы ананың үйіне барып, тұрмыс жағдайымен танысты. Өмірлік қиын жағдайға тап болған бұл отбасының әлеуметтік ахуалы аудан әкімдігінің, аудандық партия филиалының және депутаттардың қадағалауына алынды.

3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Ұлттық құрылтайдың кейінгі отырысында Мемлекет басшысы Қазақстанның саяси жүйесін сапалық жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ауқымды Конституциялық реформалар туралы нақты ұстанымын білдірді. Ұсынылып отырған өзгерістер жекелеген түзетулермен шектелмейді, мазмұны мен көлемі жағынан жаңа Конституция қабылдаумен пара-пар деуге толық негіз бар. Осы тұрғыда Конституциялық комиссияны құру – мемлекеттік конституциялық негіздерін жүйелі түрде нығайтуға бағытталған қадам болды. Бұл – саяси реформаның жобасы.

ҚОҒАМ СЕНІМІН НЫҒАЙТУ ЖОЛЫ

Біріншіден, конституциялық тұрақтылық қағида-сы — Конституция жүй өзгеретін құжатқа айналмауға тиіс, өйткені ол қоғам мен мемлекеттің ұзақмерзімді келісімін білдіреді.

Екіншіден, ішкі жүйелілік — енгізілетін нормалар бір-біріне қайшы келмей, бүкіл конституциялық құрылыммен үйлесуі керек.

Үшіншіден, билік тармақтарының нақты теңгерімі — Президент, Парламент, Үкімет және сот жүйесі арасындағы өкілеттіктер нақты әрі түсінікті бөлінуі қажет.

Конституция — бұл ішкі ереже немесе ведомстволық құжат емес. Конституция — мемлекет пен қоғам арасындағы басты қоғамдық қатынастарды реттейтін акт. Сондықтан оны жанарту үдерісі жабық немесе формалды сипатта болмауға тиіс. Құжатты талқылау неғұрлым ашық әрі инклюзивті болған сайын, қабылданатын шешімдердің заңдылығы мен қоғамдық қабылдануы да соғұрлым жоғары болады. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жариялап отырған жағдайда Конституциялық комиссия жұмысының ашық форматы — осы бағыттын заңды жалғасы болды.

Биыл 24 қантарда Конституциялық комиссия өз жұмысын бастағанын білеміз. Оның құрамына шамамен 130 адам енді. Олардың қатарында Парламент депутаттары, парламенттік партиялардың өкілдері, танымал конституционалист-заңгерлер, сарапшылар, бизнес және корпоративтік сектор өкілдері, медиа саласының мамандары, ғылыми және мәдени интеллигенция, қоғамдық бірлестіктер мен құқық қорғаушылар, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілер бар. Мұндай ғенауқымды өкілді Комиссия жұмысының қоғам үшін барынша ашық болуын бастапқыдан-ақ қамтамасыз етеді.

Ашықтықты күшейту үшін бірқатар нақты тетіктер іске қосылған. Комиссия отырыстары ресми интернет-ресурстар мен телеарналарда тікелей эфирде көрсетілді. «Конституциялық реформа 2026» атты арнайы Telegram-арна құрылып, онда Комиссия қызметі туралы жедел ақпарат жарияланып тұрды. Сонымен қатар Комиссия мүшелерінің көпшілігі әлеуметтік желілерде белсенді, олар жеке парақшалары мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы талқыланып жатқан ұсыныстар жөнінде өз пікірлерін ашық білдірді. Бұл — қоғамға реформаның барысын тікелей бақылауға мүмкіндік берді.

Конституциялық комиссияның құрылу логикасы мен оның құрамы Мемлекет басшысы айқындаған негізгі идеологиялық бағдарлармен толық үндесті. Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әділетті Қазақстан» идеясын конституциялық деңгейде бекітудің маңызын атап өтті. «Әртүрлі көзқарас — біртұтас ұлт» қағидаты Комиссия құрамынан нақты көрініс тапты: әртүрлі жас буынның, өңірлердің, саяси партия, азаматтық қоғам институты өкілдері ел болашағы үшін үлкен жауапкершілікпен диалог алаңына біріктірілді.

Комиссия құрамын қалыптастыруда кәсіби, өңірлік және гендерлік тепе-теңдікке, инклюзияға ерекше назар аударылды. Елдің барлық өңірінен өкілдер тартылған, заң шығару саласында тәжірибесі бар мамандар мен ғылыми-сараптамалық әлеуеті жоғары тұлғалар енген. Мұның өзі Ата Занды жанарту ісіне жауапты міндеттің сапалы әрі уақытылы орындалуына негіз қалады.

Ұсынылып отырған өзгерістердің ауқымы реформаның тереңдігін айқын көрсетеді. Жанартылған Конституция жобасында Прембула, 11 бөлім және 95 бап қарастырылған. «Халық Кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты екі жаңа бөлім енгізілді, бірқатар бөлімдердің атауы жанартылады. Жалпы алғанда, 77 бапқа өзгеріс енгізіліп, бұл Конституция мәтінінің шамамен 84 пайызын қамтиды. Яғни, Негізгі заңның мазмұны түбегейлі жаңғыртылууда.

Зандық дәлдік пен нормалардың сапасына ерекше көңіл бөлінген. Заңгер-мамандар мен лингвистерден құралған жұмыс топтары мәтіндегі мағыналық сәйкессіздіктерді болдырмау, құқықтық айқындықты арттыру бағытында ауқымды жұмыс жүргізді. Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілдіктері күшейтіліп, президенттік басқару нысаны сақтала отырып, мемлекеттік биліктің біртұтас жүйесін ұйымдастырудың жаңа тәсілдері айқындалды. Азаматтардың мемлекеттің басқаруға қатысу тетіктері кеңейтілді.

Конституцияның Преамбуласы да толықтай жаңа редакцияда ұсынылды. Онда қазіргі заманғы жалпыұлттық құндылықтар, тарихи сабақтастық пен мемлекеттің миссиясы көрініс тапты. Қазақстан демократиялық, зайырлы, азаматтық және әлеуметтік мемлекет ретінде айқындалып, адам өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық деп бекітілді. Билікті бөлу қағидаты жаңаша тұжырымдалып, қолданыстағы құқық жүйесіне қатысты нормалар нақтыланды.

Адам құқықтарына арналған бөлімде елеулі өзгерістер көзделген. Мемлекеттің адамға бағдарланған сипаты күшейтіліп, жеке басының қолсұғылмаушылығы, цифрлық дәуірдегі дербес деректерді қорғау, әлеуметтік және мәдени құқықтар, құқықтық айқындық қағидаттары нақты бекітілді. Сонымен қатар Конституцияда неке мен отбасы құндылықтары, қоршаған ортаны қорғау міндеті күшейтілді.

Сот төрелігі мен құқық қорғау тетіктеріне арналған бөлім де айтарлықтай жаңартылды. Судьялардың тәуелсіздігіне берілетін кепілдіктер күшейтіліп, сот ісін жүргізу нысандары кеңейтіледі, адвокатураның конституциялық мәртебесі алғаш рет дербес баппен бекітіледі. Халықтың мүддесін білдіретін жоғары



консультативтік орган ретінде Халық Кеңесі Конституцияда жеке бөлімде айқындалды және оған заң шығару бастамасы құқығы беріледі.

Сонымен қатар мемлекеттің унитарлығы, аумақтық тұтастығы, бөлінбейтіндігі мен қолсұғылмастығы туралы негізгі конституциялық бап өзгеріссіз қалады. Қаржы саласында немесе жекелеген аумақтарда арнайы құқықтық режим енгізу мүмкіндігі тек экономикалық дамуы жеделдетуге бағытталған және Конституцияның іргелі қағидаттарымен толық үйлеседі.

Конституциялық комиссияның жұмысы қоғамда кең талқылау туғызды. Әртүрлі пікірлер айтылып, ұсыныстар мен сын-пікірлер білдірілді. Бұл — азаматтардың реформаларға бейжай қарамайтынын, қоғамдық диалогтың іс жүзінде басталғанын көрсетеді. Қорытынды шешім Конституцияда көзделгендей, республикалық референдум арқылы халықтың еркімен қабылданатын болады.

Қайталануды болдырмау үшін функциялар нақты ажыратылуға тиіс. Құрылтай — конституциялық, стратегиялық және ұлттық маңызы бар мәселелерді талқылайтын, саяси бағдар беретін орган, Халық Кеңесі — азаматтық қоғамның үнін институционал-дандыратын, төменнен бастама көтеретін алаң. Егер бұл шекара айқын белгіленбесе, онда өкілеттіктердің

“
Конституциялық реформа 1995 жылғы мәтінді жай ғана жаңарту емес, мемлекеттің ролі мен билік жүйесін, қоғаммен өзара қарым-қатынасын терең қайта ойластыруға бағытталған кешенді қадам болып отыр.

қабаттасуы, жауапкершіліктің бұлынғырлануы, Парламенттің рөлінін әлсіреуі сияқты тәуекелдер туындайды.

Қазақстан Конституциясына өзгерістер енгізу тәжірибесі халықаралық үрдістен тыс құбылыс емес, керісінше, әлемдік конституциялық дамудың жалпы логикасына толық сай келеді. Көптеген мемлекеттер өздерінің саяси, әлеуметтік және экономикалық трансформациясына қарай Негізгі заңын кезең-кезеңімен жаңартып отырған. Мәселен, Үндістан, Мексика және Бразилия Конституцияларын өте жиі өзгертіп отырған елдердің қатарына жатады, бұл олардың қоғамдағы терең құрылымдық өзгерістерге құқықтық жауап беру қажеттілігімен байланысты. Сонымен қатар Конституциясына сирек өзгеріс енгізетін, бірақ институционалдық тұрақтылығы жоғары мемлекеттер бар. Мысалы, АҚШ пен Норвегия, оларда қатаң рәсімдер мен құқықтық сабақтастық принципі басым. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Конституцияны реформалау тәжірибесі оқшау емес, керісінше, әр елдің даму қарқыны мен басқару моделіне қарай өзгеріп отыратын әмбебап әлемдік тәжірибе екенін көрсетеді.

Ауқымды саяси реформалардан басқа, Конституцияны өзгертудің маңызды себебі — ұсақ қателер мен дәлсіздіктерді түзету. Осы мақсатта заңгерлер де, тәжірибелі лингвистер де тартылды. Бұдан бөлек, Конституцияда Қазақстанның терең тарихы мен мұрасы, құқықтық мемлекет құру принциптері, табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарау мәселелері көрініс табатын болады.

Жаңа Конституцияда жан-жақты цифрландыруды есепке алу да маңызды рөл атқарады. Мемлекет басшысы қазақстандықтардың дербес цифрлық деректерін Конституциялық қорғау қажеттігін жеке атап өтті. Соңында Президент реформаны әзірлеу барысында ескерілген көптеген идеялар мен бастамаларды қарастырғанын жеткізді.

Осылайша, Конституциялық реформа 1995 жылғы мәтінді жай ғана жаңарту емес, мемлекеттің ролі мен билік жүйесін, қоғаммен өзара қарым-қатынасын терең қайта ойластыруға бағытталған кешенді қадам болып отыр. Комиссия жұмысының ашық сипаты мен ұсынылып отырған өзгерістердің ауқымы Қазақстанның ұзақмерзімді дамуына берік құқықтық негіз қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Ғалиасқар САРЫБАЕВ,
Сенат депутаты

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ЖАҢА ЭВОЛЮЦИЯ

Заң мен тәртіп жоқ жерде мемлекет тұрмақ, отбасын құрудың өзі мүмкін емес. Ұрпақтан ұрпаққа жеткен «Есім ханның ескі жолы, Қасымханның қасқа жолы», «Жеті жарғы» заңдары мен билер кеңесінің шешімдері көшпелі қазақ даласында құқықтық-саяси жүйенің негізін қалады. Күлтөбенің басында күнде кеңес еріккеннен өткен емес. Мемлекеттік маңызды мәселелер шешілді. Аталмыш заңдар да өзгеріске ұшырап тұрды. Қазіргінің тілімен айтқанда, Президенттік басқару мен дала Парламенті сол кезден-ақ жұмыс істеді. Заңдарды жетілдіру – заман талабы. Елде заң болмаса, хаос болады. Заң бар жерде тәртіп орнайды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен құқықтық-саяси реформа іске асырылуда. Соның арқасында азаматтардың құқықтарын қорғайтын, отбасының тыныштығын сақтайтын, елге пайдалы қаншама заң қабылданды. 25 жылда ұмытылған «Референдум туралы» заң жаңғырып, Конституция біршама жаңартылды.

Өздеріңізге белгілі төрт жыл бұрын Конституцияның қатып қалған баптары өзгертіліп, Қазақстан суперпрезиденттік басқарудан бас тартты. Мемлекет басшысының ет жақын туыстары лауазымды қызметтерге тағайындалмайтын, жеті жылдық өкілеттік мерзім бекітілді.

Егемен елдің бейбітшілік саясында тыныш өмір сүрудің өзі бақыт. Ел іші мен шетінде тұрақтылықтың сақталуын қамтамасыз етіп, ынтымақтастық пен серіктестік ықпалдастықты арттыру үшін сапарлатып жүрген басшымыздың Қазақстанға сіңіріп жатқан ерен еңбегі мен қайраткерлігін жоққа шығара алмаймыз. Жалпы, Мемлекет басшысының тұрақтылық деңгейге көтеруге бағытталған реформалары жақсы нәтижеге жеткізуде. Десе де, кез келген реформа тәжірибеде зерделенеді. Тиімсіз болса, заңнан алынып тасталады, қажеттілік туындаса қайта қаралады. Заң да, жүйе де, сол үшін заң және жүйе. Қазір орын алып жатқан онды өзгерістер де, 4 жыл бұрын Конституцияға енгізілген өзгертулер де заманның сұранысынан.

Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев тек бір палаталы Парламент құру шенберінде емес, мемлекеттік басқару жүйесіне де байланысты Конституцияның көптеген баптарын өзгертуге тура келетінін айтты. Өйткені отандастарымыздың жолдаған екі мыңнан аса ұсынысы жарты жылдан бері қаралып, мәресіне жеткен екен. Ата Занды жаңалаумен айналысатын Конституциялық комиссия құрылып, өз жұмысын бастап, жаңа жобаның алғашқы нұсқасын жариялап та үлгерді. Конституцияның жаңа жобасы Прембула, 11 бөлім, 95 баптан тұрады. Жаңадан «Қазақстан Халық Кеңесі» және «Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» атты 2 бөлім қосылды. Сонымен қатар 4 бөлімнің ескі атауы жаңартылған. Ата Занның мазмұны жаңа ұлттық құндылықтар мен заман талаптарына негізделген. Яғни, Конституциялық құрылыс мақсаты, қағидаттары, себептері, қоғам мен мемлекеттің даму бағыты, қоғамдық бағдарды айқындайтын биліктің миссиясы, тарихи, мәдени, отбасы және ұлттық құндылықтарға бағытталды.

Президентіміз ғылымға көңіл бөліп, соңғы бес жылда мемлекеттік қолдау қаржысының көлемі 2,3 есеге артты. Биылдың өзінде терең өңдеу өндірісін өркендетуге 252 млрд теңге ғалымдарға берілмек. Елдің өномикасын өрге сүйрейтін өндіріс секторы болса, бір өнімнен көп өнім өндіру — ғалымдардың бір ісі. Инновациялық дамуда сүйеу болатын — ғалымдардың жетістігі.

Президент Ұлттық құрылтайда ұлттың жаңа сапасын қалыптастыратын құндылықтарды айқындап, ұрпақтың болашағына кесірін тигізетін әрекеттерге тосқауыл қоюды тапсырды. Былтыр ішкі саясат саласын ретке келтіретін қағидаттар, құндылықтар мен бағыттар бекітілді. Енді оған басымдық беріп, белсенді түрде іске асыруға шақырды. Өздеріңізге белгілі, Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелердің негізінде 26 заң қабылданды. Соның арқасында ана мен баланың құқын қорғайтын, ойынқұмарлық пен нашакорлыққа қарсы қаламдар жасалды.

Енді елімізде өмір сүру құқығын жоғары дәрежеге көтеру үшін адамға бағытталған саясат Конституциямен реттелмек. Азаматтардың жеке басына қолсұқпаушылық пен негізгі құқықтарын қорғау және сот билігінің тәуелсіздігіне қатысты нормалар енгізіледі. «Миранда ережесі», цифрлық дәуірде жеке мәліметтерді, арнамыс пен кадрір-қасиетті қорғауды күшейтіліп, әлеуметтік құқықтар мен құқықтық анықтық қаридаттары беки түседі.

Қазақстанда «бір ел, бір мемлекет» деген ұғым қалыптасуы керек. Енді жаңадан құрылатын Халық Кеңесінің құрамына 42 этнос өкілі мүше бола алады. Бұған дейін Парламентте 5 мандатқа Президенттік квота беріліп келсе, енді мұндай бөлініс жоқ. Халық Кеңесі Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастыратын, халықтың мүдделерін білдіретін, жаңа заң шығару бастамасы құқығына ие жоғары консультативті орган болады. Енді қоғамның ұсыныстары негізінде құқықтық бастамалар алдымен Халық Кеңесінің елегінен өтіп, Парламентке ұсынылады. Халық Кеңесі консультативтік ұйымға айналады.

Конституцияға өзгерістер енгізу, жай кітапқа айналдыру емес. Мәселен, АҚШ-тың әрбір штатының өзінің ерекшелігіне қарай жазылған жеке Конституциясы бар. Жалпы, әлем елдерінде заңдар өзгертілмейді деп айта алмаймыз. Жан-жақта геосаяси жағдай тұрақсыз болып жатқан шақта Қазақстан үшін Ата Занды жедел жаңалау керек болып тұр. Бас құжатқа енгізілген түзетулер институционалдық-құқықтық негізін мығымдап қана қоймай, тұтас мемлекеттік жүйені жаңартуға, ел дамуына жаңа деңгейге көтеріп, ішкі тұрақтылықты қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Жаңадан түзілетін жүйе «Күшті Президент — ықпалды Парламент — есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жүзеге асыруға серпін береді.

Конституциядағы мемлекеттің, Қазақстан аумағының тұтастығы, бөлінбейтіндігі және оған қолсұғылмаушылығы туралы норма қаз-қалпында қалады. Жаңа жобаға тек Астанадағы халықаралық қаржы орталығының қызметі мен Алматыдағы Алауқа қаласын дамытуға қатысты белгілі бір аумақтарға қаржы саласында арнайы құқықтық режим енгізу немесе «жылдам даму қалалары» деп аталатын қалаларды құру мүмкіндігін енгізу ұсынылды. Конституцияның ішкі логикалық тұтастығын



қамтамасыз ету мақсатымен «Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендік иесі — Қазақстан халқы» делініп, ұлттық құндылықтар мен заман жаңа талаптары ескерілді.

«Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу» деп аталатын жаңа бөлім басты құжатты ең үздік халықаралық тәжірибеге сай жаңартуға мүмкіндік береді. Ал атауы өзгерген «Сот жүйесі. Прокуратура. Құқық қорғау тетіктері» бөлімі де түзетіліп жатыр. Оған сот ісін жүргізу нысандарын кеңейтуге, әділеттілік пен сот тәуелсіздігінің конституциялық қағидаттарын нығайтуға, сондай-ақ сот жүйесіндегі кадр мәселелеріне қатысты сот мәселелері бойынша маңызды ұсыныстар енгізілді.

Жаңа жобада «Қазақстан Республикасы — унитарлы мемлекет. Басқару нысаны — президенттік республика» деп бекітіліп, егемендік пен тәуелсіздік, унитарлық, аумақтық тұтастық, Республиканың басқару нысаны ешқашан өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды. Президенттік басқару — ішкі-сыртқы саяси тұрақтылыққа кепілдік болады.

Қазақстанда Вице-президент институтын қалыптастыру — техникалық тұрғыдан саяси биліктің қызметін уақытша қамтамасыз ету. Яғни, әлдеқандай себептермен билікте ауыс-түйіс орын алып жатса да, қоғамның дамуы мен халықтың өмір сүру үрдісі тоқтамайтын үдеріс болады. Сондықтан уақытша басқару кезеңіне керек лауазым.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайда Вице-президенттің негізгі міндеттеріне халықаралық форумдар мен келіссөздерде Қазақстанның мүддесін қорғайтынын, Парламентте мемлекет басшысының атынан сөз сөйлейтінін, ішкі-сыртқы қоғамдық, саяси, ғылыми және ағартушылық ұйымдармен жұмыс істейтінін, Президенттің басқа да тапсырмасын орындайтынын айтты. Вице-президент лауазымы Конституциямен бекітіліп, Парламенттің келісімен Президент тағайындайды. Қазақстан билігінде де ширек ғасыр бұрын болған лауазым. Вице-президент Президенттің ықпалын әлсіретпейді.

Бір палаталы Парламент құру — көптен бері айтылып, пісіп жетілген мәселе. Президент еліміздің жоғары заң шығарушы органында тәжірибелі әрі білікті мамандардың, салалық сарапшылардың депутат болуы керектігін айтқан. Қай салада болмасын, білікті әрі іскер, адал әрі әділ азаматтар болса, еліміздің көсегесі көгеріп, өзгелермен терезесі тең болатын жетістікке жетеді. Мемлекет басшысы сөзден нақты іске көшіп, саннан сапаға мән беріп, жұмыс істейтін жауапкершілікті күшейтуде. Парламенттің атауын «Құрылтай» деп өзгерту ұсынылды. Қазаки атау көпшіліктің көнілінен шықты. Конституцияның жаңа жобасына сәйкес, Құрылтайдың құзыреті кеңейтілді. Құрылтайға 145 депутат партиялық тізіммен бес жылға сайланады. Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуда, олардың институционалдық рөлін арттыруда және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуде маңызды рөл ойнайды. Жаңа Конституция жобасында бір палаталы Парламент үлгісі мен мемлекеттік органдардың жаңартылған жүйесіне арналған ережелер енгізіліп, заң шығару органының өкілеттіктері бекітілді. Құрылтайдың модулі мен оның сессияларына қызметін ұйымдастыруға қатысты баптардың барлығы жаңартылды. Заң шығару бастамасы құқығына ие субъектілер нақтыланды. Құрылтайға заң қабылдау арқылы реттелетін аса маңызды қоғамдық қатынастардың тізбесі бекітілді. Заң жобаларын қарау мен қабылдаудың рәсімдері белгіленіп, Құрылтай Төрағасының лауазымына қатысты мәселелер жеке бапта реттелді.

Бір палаталы Құрылтайға көшуге байланысты Үкімет пен оның мүшелерінің заң шығарушы органмен өзара іс-қимылын күшейту үшін атқарушы билікке қатысты көптеген ережелер реттелді. Енді Үкіметке Құрылтай алдында есеп беруге міндеттелмек. Президент тапсырмаларын өз деңгейінде орындамаған жағдайда, сенімсіздік вотумын білдіру тетіктері айқындалды. Себебі елімізде «Халық үніне құлақ асатын мемлекет», Әділетті Қазақстан, «Ықпалды Президент — күшті Парламент — есеп беретін Үкімет» құрылып жатыр. Конституциялық реформа халық пен мемлекеттің игілі үшін Президент пен Парламент, Халық Кеңесінің ықпалы арттырылып, мемлекеттік басқару жүйесі жаңа сатыға көшіріліп жатыр. Жаңа Конституция елдігіміздің нығайып, еліміздің дамуына даңғыл жол ашып, кепіл болады. Жаңа реформалармен жаңа Қазақстанның эволюциялық дәуірі басталады.

Қайрат БАЛАБИЕВ,
Мәжіліс депутаты

НАРЫҚ

3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Қазақстанда бөліп төлеу қаржы құралы ретінде нарыққа енгелі елдегі қымбатшылық құрыққа түспей барады. Сарапшылар бүгінде осылай дабыл қағып, тұтынушылық несиелеу ел экономикасы үшін елеулі проблемаға айналуы мүмкін екенін айту-да. Кейінгі жылдары бұл қарыз түрі ЖІӨ өсімінің толыққанды драйверіне айналды. Бүгінде ол табысы төмен халықтың тұрмысындағы жоқшылықтың орнын білдірмес тетік іспетті. Халықаралық қауымдастық оны BNPL (buy now, pay later) дейді. Қазір алып, кейін төле деп ұрандататын бұл қаржы құралы бізді ғана емес, бүкіл әлемді қамтып отыр.

А **Кәмила ДҮЙСЕН**

ҚАРЫЗДЫҢ ҚЫСЫМЫ
ӨСКЕН

Кейінгі деректер BNPL төлем үлгісінің әлемдік қаржы нарығында жедел әрі тұрақты түрде кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Халықаралық Research&Markets қызметінің болжамынша, жаһандық BNPL төлемдер нарығы жылына орта есеппен 18,9% өсіп, 2026 жылға қарай 509,2 млрд долларға жетпек. Мұндай өсім қарқыны дәстүрлі тұтынушылық кредитпен салыстырғанда әлдеқайда жоғары.

«2022-2025 жылдар аралығында BNPL нарығы бірқатар елде орташа жылдық 25,3% өсім көрсеткен. Мұндай серпіні бұл құралдың тұтынушылар арасында кеңінен сұранысқа ие екенін аңғартады. Әсіресе, инфляция жоғары, ал халық табысы баяу өсіп жатқан кезеңде BNPL тұтынуды ұстап тұратын балама тетікке айналды», — дейді сараптама қызметінің мамандары.

Сарапшылардың есебінше, 2025 жылғы 428,2 млрд доллардан BNPL секторы 2031 жылдың соңына қарай шамамен 1 трлн АҚШ долларына дейін ұлғаюы мүмкін. Бұл алты жыл ішінде нарықтың екі еседен астам өсуін білдіреді. Сондай-ақ олар 2026-2031 жылдар аралығында BNPL нарығының орташа жылдық өсімі 14,7% деңгейінде сақталады деп болжап отыр. Демек, бөліп төлеу әлемдік тұтыну моделін түбегейлі өзгертуде: адамдар қарыз екенін толық сезінбей, тұтынуды арттыруға бейімделіп барады. Екіншіден, мұндай қарқынды өсім қаржы реттеушілері үшін жана тәуекелдер туғызады. Яғни, қарыз жүктемесінің «жасырын» ұлғаюы, инфляциялық қысым және қаржы тұрақтылығына төнетін қатерлер. Үшіншіден, бөліп төлеу нарығының триллион долларлық деңгейге жетуі бұл сегментті енді «ұсақ бөлшек төлем құралы» емес, жүйелік маңызы бар қаржы институты ретінде қарастыру қажетін айқындайды.

Мұны Ұлттық банктің төрағасы Тимур Сүлейменов те мойындаған болатын, мойындап қана қойған жоқ, қаржы нарығы-

на үлкен сигнал беретін елдегі базалық мөлшерлемені көтеруге де негіз болды. Өткенге назар салсақ, қазан айында реттеуші базалық мөлшерлемені 1,5 пайыздық тармаққа көтеріп, 18%-ға жеткізді.

«Үкіметпен және КНРДА-мен бірлесіп BNPL секторын, яғни бөліп төлеу жүйесін реттеу тәсілдері әзірленеді», — деген еді сол кезде Ұлттық банк төрағасы Тимур Сүлейменов. Қараша айында ол BNPL сегментін реттеу мәселесі бойынша Премьер-министр Олжас Бектеновке тағы бір хат жолдап, «бөліп төлеудің инфляциялық әсерін» ашық атап өтті.

Бұл әсерді ресми статистикадан да көруге болады. Мысалы, 2019-2023 жылдар аралығында жан басына шаққандағы орташа қарыз көлемі 50 пайыздан аса ұлғайған. Енді бұған елдегі КҚС мөлшерлемесі өсіп, оның қолданылу аясы кеңеймек. Осындай жағдайда қазақстандықтар экономикалық тұрғыда тәуекелі жоғары кезеңге аяқ баспақ. Күнделікті табысқа қысым күшейіп, кез келген ішкі немесе сыртқы соққы халыққа бұрынғыдан ауыр тиюі мүмкін.

«БӨЛІП ТӨЛЕУ» –
БОЛАШАҚТЫ ҰРЛАЙТЫН
ҚҰРАЛ

Ал бұл уақытта қаржы секторы, әсіресе банктер, табыстан тарыққан жоқ, керісінше, жоғары пайда көріп отыр. Мемлекет міндеті бұрынғыша: бір жағынан, несие тәуекелін бақылауда ұстау керек, екінші жағынан, табысы азайып бара жатқан халықтың тұрмысын мүлде төмендетіп алмау маңызды. Осы тұста тұтынушылық несиелердің күрт көбеюі елдегі несие нарығын қыздырып жіберді. Ұлттық банктің дерегіне қарасақ, 2023 жылғы 1 қарашада экономикаға берілген қарыз көлемі 41,9 трлн теңгеге жеткен. Соның 24,2 трлн теңгесі бөлшек несиелер. Яғни, барлық қарыздың жартысынан көбі халықтың мойнында. Бұл бағыттағы өсім корпоративтік несиелерден әлдеқайда жылдам жүріп жатыр.

Ал осы өсімнің басты қозғаушысы — бөліп төлеу жүйесі, яғни BNPL. Бұл модель қысқа мерзімде халықтың тұтынуын ұстап тұрғанымен, ұзақ уақыт бойы жалғаса берсе, қарыз жүктемесін күрт ауырлатып жіберуі әбден мүмкін. Қазақстанның Ұлттық төлем корпорациясының есебіне сәйкес, жана тұтынушылық несиелердің 50%-дан астамы дәл осы бөліп төлеу схемаларына тиесілі. Бұл әсіресе алаңдатарлық, өйткені 2022-2023 жылдары тұтынушылық несиелеу жылына 34-42% аралығында өсіп, ЖІӨ мен халықтың нақты табыстарының өсімінен бірнеше есе асып түсті.

Дүниежүзілік банк Қазақстанда қарыз жүктемесінің шектен тыс өскенін тіркеп отыр: 2019 жылдан 2023 жылдың ортасына дейін үй шаруашылықтарының тұтынушылық кредит бойынша қарызы 112%-ға артты, қарыз алушылар саны 50%-ға көбейді, ал



бір адамға шаққандағы орташа қарыз 780 мың теңгеден 1,2 млн теңгеге дейін өсті.

Halyk Finance сараптама орталығының маманы Салтанат Игенбекова кейінгі бір жылда қазақстандықтардың несиені өтеуге жұмсайтын шығыны тағы да артқанын айтады.

«Егер 2024 жылдың үшінші тоқсанында бұл көрсеткіш 6,3% болса, 2025 жылдың үшінші тоқсанында ол 6,5%-ға жетті. Бір қарағанда айырма үлкен емес сияқты көрінуі мүмкін. Бірақ бұл көрсеткішті басқа елдермен салыстырып қарасақ, Қазақстандағы қарыз жүктемесінің өзіндік ерекшелігі анық байқалады», — дейді ол.

БАСПАНАҒА ЕМЕС, БАС ҚАЙҒЫҒА
ЖҰМСАЛҒАН ҚАРЖЫ

Халықаралық есеп айырысу банкі (BIS) деректеріне сүйенсек, Қазақстандағы 6,5% көрсеткіші кейбір еуропалық елдермен шамалас, тіпті төмен де: мысалы, Францияда — 5,9%, Германияда — 5,4%, ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш орта есеппен 8-12% аралығында. Сарапшының сөзінше, айырмашылық тек санда емес. Өйткені дамыған елдерде несие портфелінің негізгі бөлігі ипотекадан тұрады, яғни бұл — тұрғын үйге салынған ұзақмерзімді инвестиция.

Ал Қазақстанда жағдай мүлде баска: жеке тұлғалардың несие портфелінің 67,5%-ын тұтынушылық несиелер құрайды, әрі олардың пайыздық мөлшерлемесі әлдеқайда жоғары. Сондықтан біздің елдегі қарыз жүктемесі кез келген экономикалық өзгеріске әлдеқайда сезімтал келеді.

«Тағы бір маңызды айырмашылық — отбасылық шығындардың құрылымы. Дамыған елдерде несиені өтеуге кететін шығын жоғары болғанымен, азық-түлікке жұмсалатын қаржы салыстырмалы түрде аз — 10-15% шамасында. Ал Қазақстанда азық-түлікке кететін шығын 52,3%, оған несие төлемдерін қосқанда (6,5%), халық табысының шамамен 60%-ы ең қажетті шығындарға кетіп қалады», — дейді Салтанат Игенбекова.

Бұл дегеніміз — адамдардың қолында басқа тауарлар мен қызметтерге жұмсайтын бос қаражат азайып барады. Соның салдарынан тұтынушылық сұраныс басқа салаларда бәсеңдей түседі. 2025 жылдың үшінші тоқсанында үй шаруашылықтарының бюджетінде айқын алшақтық байқалды: халықтың нақты табысы жылына шаққанда 3,4%-ға қысқарса, нақты шығындар 2,3%-ға ғана төмендеген. Яғни, табыс азайып жатыр, ал шығындар соншалықты тез қысқармай отыр.

Сапарбай ЖОБАЕВ, экономист:

— Жалақының баяу өсуінің басты себептерінің бірі — бюджет тапшылығы. Бүгінде тапшылық жалпы ішкі өнімнің шамамен 3 пайызына тең, бұл — 4-5 трлн теңге. Егер Ұлттық қордан алынатын трансферттерді есептемесек, тапшылық 10 трлн теңгеге дейін жетіп, бюджеттің 30 пайызына жуықтайды.

Жалақының баяу өсуі бюджет ұйымдарымен ғана шектелмейді. Квзимемлекеттік

«Осы айырмашылықты жабу үшін халық өз қаражатына емес, қарызға көбірек сүйене бастаған. Мұны 2025 жылдың үшінші тоқсанында тұтынушылық несиелер портфелінің 26,2%-ға өсуі айқын көрсетеді. Сонымен қатар олардың жеке тұлғалар несиесіндегі үлесі де ұлғайып келеді: 2023 жылдың үшінші тоқсанында — 60,3%, 2024 жылы — 66,1%, ал 2025 жылдың үшінші тоқсанында — 67,5%. Бұл үрдіс халықтың табысы қарыз есебінен «жабылып» жатқанын, ал қарызға тәуелділік барған сайын күшейіп келе жатқанын аңғартады», — дейді маман.

Салтанат Игенбекованың бұл пікірін әріптестері де растап отыр. Мәселен, экономист Руслан Сұлтанов бүгінгі бөліп төлеу құралын «ұлттық бақыт құралына» айналып үлгерді» деп сипаттайды.

«Ақшан жетпей ме — бәрібір ал, кейін төлейсін. Дүкендер мээ, банктер риза, клиенттер күлімдейді, ал экономика... ол да күліп тұрған сияқты, бірақ біртүрлі алаңдап тұрғандай. Бөліп төлеу неге жақсы көрінеді? Ай сайынғы төлем аз, демек «мен жарадым» деген сезім бар. Пайыз «көрінбейді», яғни «ол жоқ сияқты». Ақша болмаса да, тауар қолда. Нағыз тамаша формула», — дейді Руслан Сұлтанов.

Экономистің айтуынша, бөліп төлеу шын мәнінде жоқ сұранысты қолдан жасап шығарады. Адамдар сатып алуға шамасы жеткендіктен емес, «бөліп төлеймін ғой» деген оймен алады.

— Соның нәтижесінде сұраныс жасанды түрде өседі, сатушылар бағаны көтереді, ал инфляция да жоғарылайды. Уақыт өте нарық та соған үйренеді: бастысы — тауар өтсе болды, бүгін төледі ме, ертең төледі ме, айырмасы жоқ. «Айына бәрібір 10 мың төлейді ғой» деген логикамен бағалар еркін өсе береді. Бұл жерде бағаны өзіндік күн емес, адамның психологиясы, әлсіздігі көтеріп отыр. Тағы бір маңызды жайт — бөліп төлеу ешқашан тегін болмайды. Банктің комиссиясы, сақтандыру, кешіктірілген төлемдерден болатын шығын — мұның бәрі алдын ала тауардың бағасына қосылып қояды. Сондықтан «0%» дегені — есеп емес, жай ғана жарнама. Адамдар болашақпен өмір сүрген сайын бүгінгі ақшасы азая береді. Елдің жартысы «қазір аламын, кейін төлеймін» деген режимге көшкенде, сатушылар мен банктер тәуекелді алдын ала есептеп, бағаларды көтере бастайды, — дейді экономист.

Маман ең дұрысы — қолында ақша бар кезде алу, себебі ол ойлағанның да арзанға түсетінін айтады. «Қарапайым тілмен айтқанда, бөліп төлеу — экономикалық косметика сияқты: сырттай бәрі қолжетімді болып көрінеді, ал оның астарында бағаның өсуі жасырынып жатады», — деп ойын түйіндейді Руслан Сұлтанов.

Қорыта айтқанда, бөліп төлеу нарығы алдағы жылдары да өсімін жалғастырады. Алайда бұл өсім экономикалық пайдамен қатар, мемлекеттер мен реттеушілерден жана ережелерді, ашықтықты және қатаң бақылауды талап етеді. Әйтпесе, тұтынуды ынталандыру құралы біртіндеп макро-экономикалық тұрақсыздық көзіне айналуы мүмкін.

Қазақстанда жалақы жыл сайын өсіп отыратынын жақсы білеміз. Ресми деректерге сүйенсек, номиналды жалақының өсімі шамамен 10 пайыздың төңірегінде. Алайда қарапайым халықтың күнделікті өміріне қарасақ, бұл өсімнің нақты әсері сезіле бермейді. Себебі жалақы өскенімен, тұрмыс жеңілдеп жатқан жоқ.

А **Айгүл СЕЙІЛ**

Бұл мәселені Ұлттық банк те жоққа шығармайды. Ұлттық банктің төрағасы Тимур Сүлейменовтің айтуынша, кейінгі кезеңде халықтың нақты табысы 1,5-2 пайызға төмендеген.

«Жоғары инфляцияның әсерінен салыстырмалы түрде айтқанда, сатып алу азайып жатыр. Жалақы, зейнетақы және басқа да табыстарымыздың сатып алу қабілетін төмендетпеу үшін біздің міндетіміз — бағаның өсуін тежеу. Біздің болжамымыз бойынша инфляция осы жылдың қорытындысы бойынша біртанбалы деңгейге түседі. Біз оны 10 пайыздан төмен, мүмкін одан да төмен етуіміз керек деп максат қойып отырмыз. Инфляцияны төмендетпей, қандай да бір жалақының болуына қарамастан, бұл ақшамен ештеңе сатып алу мүмкін болмайды, себебі бәрі өсуде: баға, тарифтер және басқалары», — деді Т.Сүлейменов баспасөз мәслихатында.

Кейінгі жылдардағы инфляция динамикасы жалақы өсімінің неге сезілмей отырғанын айқын көрсетеді. 2018-2019 жылдары инфляция 5 пайыздың шамасында болса, пандемия басталған 2020 жылы ол 7,5 пайызға жетті. 2021 жылы инфляция 8,4 пайызға өсіп, 2022 жылы тіпті 19,6 пайызға дейін шарықтады. 2023 жылы көрсеткіш 15 пайыздан жоғары деңгейде қалыптасты. Яғни, бес жыл ішінде инфляция шамамен үш есе өсті. Мұндай жағдайда жалақының жыл сайынғы 10 пайыздық номиналды өсімі халықтың нақты табысын

сақтап қалуға да жеткіліксіз екені анық.

Шынында да, бүгінгі қазақстандықтың жалақысы көбіне күнкөріске ғана жетеді. Азық-түлік бағасы тұрақты өсіп, коммуналдық төлемдер мен қызмет тарифтері қымбаттап жатқанда, жалақыдағы 10 пайыздық өсім инфляцияның орнын толтырудан әрі аспайды. Ақша бар сияқты, бірақ оның құны күн сайын төмендеп барады.

Ұлттық банк деректеріне сәйкес, былтыр номиналды жалақылар 10-11 пайызға өскен. Ал 2021-2024 жылдар аралығында орташа өсім 17 пайызды құраған. Дегенмен бұл көрсеткіштер халықтың нақты әл-ауқатының артқанын білдірмейді.

Тимур Сүлейменов жалақының өсуі тек статистика үшін емес, нақты өмірде сезілуі керек екенін атап өтті. Оның айтуынша, жұмыскердің бірнеше жыл бойы бір жалақымен отыруы қалыпты жағдайға айналмауы тиіс.

«Жалақылар өздігінен өзгеруі керек. Яғни, адам үш жыл бойы 300 мың теңге алып отырмауы тиіс, оған жылына бір-екі рет жалақысын көтеру керек. Номиналды жалақылардың өсу қарқынының төмендеуі жұмыс берушілердің оны көтеріп жатқанын, бірақ тиісті деңгейде емес екенін көрсетеді. Бірақ бұл тек Ұлттық банк пен Үкіметке қатысты мәселе емес. Бұл — жұмыс берушілерге, бизнеске қатысты мәселе», — деді ол.

Бұл пікір еңбек нарығындағы тағы бір түйткілді қозғайды. Жалақы өсімінің жа-



уапкершілігі көбіне бизнеске тіреліп тұрма? Ал көптеген салада, әсіресе білім беру, медицина, әлеуметтік қызмет пен ауыл шаруашылығында жалақы әлі де төмен. Елдің іргесін ұстап тұрған осы салалардағы еңбек адамының табысы неге артпайды?

Қорытындысында айтармыз, жалақының қазғ жүзінде өсуі мәселені шешпейді. Егер инфляция жоғары болып, баға мен тарифтер шарықтай берсе, 10 немесе 15 пайыздық жалақы өсімі халық үшін еш мәнге ие болмайды. Қазақстандықтардың тұрмысын жақсарту үшін нақты табыстың өсуі, бағаның тұрақтануы және еңбек адамының еңбегін әділ бағалау бірінші орынға шығуы тиіс. Әйтпесе, «жалақы өсіп жатыр» деген жаналық шынайы өмірден алшақ, бос жұбаныш болып қала береді.

секторда жалақы өспеген соң жеке кәсіпкерлер де үнемдеуге мәжбүр. Оның үстіне, бизнестің өзіне де оңай емес: банктен алынатын несиенің пайыздық мөлшерлемесі 24-25 пайызға дейін жетеді. Мұндай жағдайда кәсіпкерлер жалақы төлеу үшін қымбат несие алуға тәуекел етпейді. Керісінше, қаражатын жоғары пайызды депозитке салуға тырысады. Бұл үрдіс те халық табысының өсуін тежеп отыр.

Қазақстан жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнім көлемі бойынша ТМД елдері арасында алдыңғы орында. Шамамен 15 мың доллар. Бірақ бұл көрсеткіш жалақы деңгейінен көрініс таппай отыр. Себебі мемлекет пен кәсіпорындардың инвестициялық шығындары тым жоғары. Ел аумағы үлкен, жол, инфрақұрылым, коммуналдық

желілерге қыруар қаржы қажет. Нәтижесінде, бюджеттің едәуір бөлігі инвестицияға кетіп қалады.

Тағы бір өзекті мәселе — салық жүйесіндегі әділетсіздік. Корпорациялар табысынан 20-25 пайыз корпоративтік табыс салығын төлеуі тиіс. Алайда көптеген квазимемлекеттік кәсіпорын салықтан жалтару үшін пайданы жалақы түрінде басшыларына бөліп жазады. Бұл жағдайда олар бар болғаны 10 пайыз жеке табыс салығын төлейді. Осылайша, жоғары лауазымдағы адамдардың жалақысы өсіп, бюджетке түсетін салық азаяды. Президент жеке табыс салығын арттыру туралы бірнеше жылдан бері айтып келе жатса да, бұл бастама әлі күнге дейін толық жүзеге аспай отыр.

Қуанышбек ДҮЙСЕНОВ, экономист:

— Меніңше, жалақының баяу өсуінің бірнеше негізгі себебі бар. Біріншіден, еңбек өнімділігі жеткілікті қарқынмен өсіп жатқан жоқ. Экономикада нақты қосылған құн аз болған кезде жұмыс беруші жалақыны айтарлықтай көтере алмайды. Яғни, жұмысшылар бұрынғыдай көп әрі тиімді өнім өндірмей жатыр. Сәйкесінше, зауыт болсын, кенсе болсын, қай-қайсысы да көбірек пайда таппайды. Ал пайда көбеймесе, жұмыс берушінің жалақыны көтеруге ынтасы болмайды.

Екіншіден, бизнеске түсетін жүктеме жоғары: салықтар, несиенің қымбаттығы, логистика шығындары. Бұл да жалақы жатқандай көрінгенімен, нақты табыс артпай отыр. Жалпы айтқанда, мәселе жалақының санында да емес, оның сатып алу қабілетінде. Егер инфляцияны тежемесек, экономиканың өнімділігін арттырмасақ, жалақыны қанша көтерсек те, халықтың тұрмысы айтарлықтай жақсармайды.

МӘСЕЛЕ

3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

СУБСИДИЯДАҒЫ СЕКЕМ

(Басы 1-бетте)

Айхан ШӘРІП

АӨК-ті қаржыландыру аудитінің нәтижесіне сәйкес, 2023—2024 жылдар аралығында анықталған занбұзушылықтардың жалпы көлемі шамамен 300 млрд теңгені құрады. Соның ішінде бюджетке тікелей 32 миллиард теңге шығын келтірілген. «Әр тиын бюджеттің жалғызы» болған өткір бюджеттік тапшылық заманында мұндай сандардың салмағы тым ауыр көрінеді. Елдің бас қаржыгерінің мәліметі бойынша, соңғы екі жылда ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларына 1,2 трлн теңгеге жуық қаражат бөлінген. Әй дейтін әже, қой дейтін қожаның жетіспеуі, мемлекеттік бақылаудың болжырлығы сол бұрынғыдай субсидиядағы «көленкелі схемалардың» қанат жаюына септесті.

Қаржы министрі Мәди Такиевтің айтуынша, триллиондаған қаржының едәуір бөлігі күтілетін экономикалық нәтиже мен халыққа нақты пайда әкелмей жұмсалған, сайда саны, құмда ізі қалмаған. Бұлар бірлі-жарым оқиға емес: жөнсіздіктер жүйелі жолға қойылған. Тексеру қорытындысы жүйелі сипаттағы бірқатар занбұзушылықты өшкереледі. Тарата айтқанда, аграршыларды субсидиялау барысында 5,5 млрд теңгеге бағаланатын көленкелі схемалар табылыпты. Соның ішінде 11 өңірде 1 ірі қара малдың бірнеше рет «сатылып», әр жолы субсидия алуға себеп болғаны тіркелді. Құжат жүзінде ғана бар «мал шаруашылығының» құны 808,1 млн теңгеге жеткен.

Қаржы министрі субсидия беру кезінде болған нақты занбұзушылықтарға тоқталды. Инвестициялық жобалар саласында да жұмбақ жайт жетерлік: төлем бар, нәтиже жоқ. Мемлекеттік бюджет кредиттері есебінен жүзеге асырылған АӨК инвестициялық жобалары бойынша 13,3 млрд теңгенің занбұзушылығы анықталған. Кейбір жағдайда мал мен жабдық мүлде жеткізілмеген, не жоспарланған көлемнен аз жеткізілген. Біраз құрылыс, монтаждау жұмыстары қағаз жүзінде іске асып, ақысы төленіп, іс жүзінде орындалмаған. Аударылған қаражаттың қайда кеткені белгісіз, бәлкім, шетел асқан.

Сондай-ақ аудит барысында мерзімі өткен, төлеуін қойған берешегі және сол үшін жаңа несие алуына қолданыстағы шектеулері бар қарыз алушыларға микрокредиттер беру фактілері белгілі болды. Мәди Такиевтің ақпаратынша, жалпы қарызы 45,8 млн теңге болатын 25 қарыз алушыға 177,7 млн теңге көлемінде кредит тағы берілген.



Елдар ҚАБА (қолжаз)

Саланы жүйелі тиімсіздік жайлаған Секен. Жыл сайын 140 млрд теңге бөлінетін, 3,2 мың қарыз алушыны қамтитын егіс және орақ жұмыстарына арналған бағдарламалар күткен нәтижені көрсетпеген. Ағымдағы ауыл шаруашылығы жұмыстарын қаржыландыру үшін құрылған «Аграрлық кредит корпорациясы» фермерлер шығынының 70%-ына дейін жабу жөніндегі міндетін орындай алмай отыр. Қаражат көптеген қарыз алушыға тым аз көлемде бөлінгендіктен, ауыл шаруашылығы жұмыстарының толық цикліне жетпей қалады.

ЖҮЙЕ ҚАЙТСЕ ТҮЗЕЛЕДІ?

Анықталған занбұзушылықтар мен бюджет қаражатының мақсатсыз жұмсалудың ескере отырып, Үкімет басшысы агроөнеркәсіп кешенінің мемлекеттік қолдаудың тиімділігін арттыруға бағытталған бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, біріншіден, Қаржы мен Ауыл шаруашылығы министрліктеріне, жергілікті атқарушы органдармен тізе қоса отырып, төл ақпараттық жүйелерін өзара интеграциялау арқылы бірінғай цифрлық мониторинг енгізу жүктелді.

Екіншіден, жауапты ұйымдар субсидиялау жүйелерін қағаз жүзіндегі көрсеткіштерге емес, нақты өндірілген өнім көлеміне бағдарлап қайта қарауға тиіс. Үшіншіден, мемлекеттік қолдау талаптары толық орындалғанға дейін субсидияланған малды сатуға жол бермейтін форматтық-логикалық бақылау тетігі қолданылмақ. Төртіншіден, бұдан былай мемлекеттік кредиттерді пайдалану арқылы жүзеге асырылатын инвестжобалар бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарына міндетті мемлекеттік сараптама жүргізілетін болады. Сондай-ақ Үкімет нақты заң-

бұзушылық фактілері бойынша материалдар іс жүргізу шешімдерін қабылдауы үшін құқық қорғау органдарына берілетініне сендірді.

Сарапшылар тағы бір кемшін тұсқа назар аудартты: жыл сайын салаға құйылатын ақша-инвестиция қанша өссе де, ауыл шаруашылығындағы жұмыс орындары тоқтаусыз құлдырап барады. Fingprom мониторинг агенттігінің мәліметінше, 2025 жылы ауыл шаруашылығына салынған инвестициялар 1 трлн теңгеден асты. Бұл тұрғыда 2024 жылы 4,4%-дық төмендеуден кейін сала 23,5% өсім көрсетті.

Үзакмерзімді динамикаға жүгінсек, 2015 жылы ауыл шаруашылығына бар-жоғы 164,2 млрд теңге инвестиция салынды. Арада он жыл өткенде, 2025 жылы бұл көрсеткіш шамамен жеті есе артып, 1,1 трлн теңгеге жеткен. Инвестицияның негізгі бөлігі — 733,7 млрд теңге кәсіпорындардың өз қаражаты есебінен қалыптасқан. Банктік емес қарыз қаражаттары 32,9%-ға, ал банктік кредиттер 59,5%-ға өсіп, 46,3 млрд теңгені құрады. Бұл банктердің аграрлық секторға деген қызығушылығы қайта ояна бастағанын көрсетеді.

— Алайда инвестиция көлемінің өсуі саладағы жұмыспен қамтуға ауқымды игі әсер етпей отыр. 2025 жылдың үшінші тоқсанының қорытындысы бойынша, жұмысшылардың тізімдік саны 63,3 мың адамға, нақты саны 60,1 мың адамға дейін қысқарған. Бір жыл ішінде бұл көрсеткіш тиісінше 1,8% және 2,1%-ға кеміп кетті, — деп түсіндірді агенттік сарапшылары.

СУБСИДИЯ — МАКСАТ ЕМЕС, ӨСУ ҚҰРАЛЫ

2025 жылғы 14 қарашада өткен Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің екінші

форумында Мемлекет басшысы субсидиялар фермерлердің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға қызмет етуге тиіс екенін тағы да атап өтті. Мемлекеттік қолдау тұрақты «қамқорлыққа» емес, нақты нәтижеге жұмыс істеуі қажет.

Жалпы, субсидия саласында үлкен құзыр — әкімдіктерде. Орталықтағы министрлік ішінара тексеріс жүргізгенімен, ақша тарату мәселесінде басым жағдайда әкімқаралар мен фермерлердің сөзіне сенуге мәжбүр. Бұл депутаттардың алаңдаушылығын туғызады. Қосып жазу — алақол адамдардың «қанында» бар әрі қалтаны қампайтудың құралы.

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Нұржан Әшімбетов Жоғары аудиторлық палатаның есебіне сүйене отырып, мысалы, Агроөнеркәсіп кешенінің дамыту тұжырымдамасының басты 19 нысаналы индикаторының 10-ы бойынша мониторинг жергілікті атқарушы органдар ұсынатын жедел мәліметтерге негізделгенін тілге тиек етті.

«Ауыл шаруашылығы министрлігі оларды жаппай қосымша тексермейді. Бұл — Үкіметке жететін ақпараттың бұрмалану қаупі бар деген сөз. Ендеше министрлік субсидия қаражаты дұрыс, нысаналы жұмсалуды үшін ең алдымен мәліметтердің дұрыстығын қамтамасыз етуге тиіс», — деді депутат. Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров бұл тараптағы біраз бұлықтан арылып, бақылауды күшейтіп жатқандарын айтады.

— Бізде тұжырымдама аясында 19 көрсеткіш-индикатор бекітілген. Оның 10-ы бойынша жергілікті атқару органдары есеп береді. Оған облыс әкімінің ауыл шаруашылығына жауапты орынбасары қол қояды. Содан соң оны Ұлттық статистика бюросы қайта тексереді. Сондай-

ақ біз де индикаторларды әр облыстан тандап, іріктеп тексеріп, статистикамен салыстырамыз. Әдетте, 95% сәйкес келіп жатады. Субсидиялауға келсем, оны алу үшін алдымен шығын шығару, мәселен, тыңайтқыштарды, тұқымды сатып алуы керек. Алса және құжаттары дұрыс болса, субсидия беріледі. Алған әрбір шаруашылық біздің жүйемізде бар, оны бақылауда ұстаймыз, — деді АШМ басшысы.

Министр бұл салада қосып жазушының да кең ауқым алғаны анықталғанын жасырмады. 2023 жылдан бері Мемлекет басшысының тапсырмасымен құрылған, вице-премьер Серік Жұманғарин жетекшілік еткен арнайы жұмыс тобы да тексеру жүргізіпті. Ұлттық статистика бюросымен бірлесіп ауқымды жұмыс атқарылды. Нәтижесінде, қағазда бар, өмірде жоқ 2 млн сиыр мен бұқа, 3 млн қой, 3 млн литр сүт, 2 млн келі картоп есептен шығарылған екен. А.Сапаров содан соң «бәрін ретке келтіріп, таза парактан бастаңдарына» сендірді. Бұған қоса, қосып жазудың арқасына және оған бағдарларды жазалау үшін заңнама өзгертіліпті. Мемлекетке өтірік ақпарат берсе, бірінші рет ескерту жасалады, екінші рет айыппұл салынады.

Ұлттық статистика бюросының басшысы Мақсат Тұрлыбаев деректер сапасын арттыру мақсатында жауапкершілік күшейтілгенін, ел тарихында ешқашан болмаған арнайы «дата-контролер институты» құрылғанын хабарлады. Бірақ олар да бәрін кабинеттен ешқайда шықпай, қашықтан тексереді. Тек сәйкессіздік тапса, әрі кетсе нысанға қонарау шалуы мүмкін.

Мына бір қызыққа қараңыз: «соңғы 20 жылда алғаш рет өткізілетін ауыл шаруашылығы санағы саладағы статистикалық олқылықтарды анықтауға мүмкіндік беретіні» бұған дейін жарияланған. Ол бытыр аяқталды. Ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылғы 1 тамыздан 31 тамызға дейін sanaq.gov.kz арнайы веб-порталында өз бетінше толтыру әдісімен жүргізілді. Ізінше, 2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазан аралығында планшет көтерген санақ қызметкерлері фермерлерді, агроөнеркәсіп кешендерін және қорала мал ұстайтын ауылдағы ағайынды аралауға тіп болды.

Кейбір ауылдықтар келмегенін айтады. Сондай-ақ арнайы веб-портал да шұғыл жабылып қалды. «Ұлттық статистика бюросы 2025 жылғы Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы бойынша деректерді жинау жұмыстарының аяқталуына байланысты sanaq.gov.kz сайтының жұмысын тоқтататынын хабарлайды», — деген құлақтандыру ілулі тұр. Салдарынан, санақтың не көрсеткенін білу мүмкін болмады. Статорған оның түпкілікті қорытындысын әлі жариялаған жоқ. Демек, бұл салаға әлі де болса, айқындылық жетіспейтіні аңғарылады.

ӘУЕ ТАСЫМАЛЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ АРТТЫ МА?

Елімізде авиация саласын дамыту басты бағдарға айнала бастады. Соның нәтижесінде Еуропа мен Азия арасындағы авиахабқа айналу дүттеледі. Мемлекеттің алға қойып отырған бағдары бойынша, әуежол көлігі, әуежүк тасымалы, халықаралық деңгейде әуежайларды қалыптастыру негізі мақсат болып тұр. Егер авиация саласы қарқынды дамып, Орталық Азиядағы ең ірі авиапарк құрылса, ел бюджеті еселене түспек.

А Олжас ЖОЛДЫБАЙ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында авиация саласын дамытудың маңыздылығын атап, жаңа халықаралық рейстерді іске қосу, азаматтардың әлемді еркін аралауына жол ашу, халықаралық көлік-транзитін дамыту қажет екенін жеткізді. Сондай-ақ саладағы олқылықтарды қозғап, Үкіметке тиісті тапсырма жүктелді.

Үкімет дерегінен, Қазақстан арқылы 2023 жылы 13 миллионға жуық жолаушы тасымалданған, ал әуежүк тасымалы 130 мың тоннаға құраған. 2024 жылы қазақстандық әуекомпаниялар 14,7 млн адам тасмалдады. Бұл — алдыңғы жылмен салыстырғанда 11%-ға артық. Сондай-ақ қызмет көрсетілген жолаушылардың саны 14 пайызға өсіп, 29,7 миллион адамды құрапты. Әуежүк тасымалы 141 мың тоннадан асыпты. Ал бізге белгілі, 2025 жылдың 10 айында әуеқолімінен 13,1 миллионнан аса адам тасымалданып, 26,6 миллионнан астам жолаушыға қызмет көрсетіліп, 140 мың тоннадан астам жүк тасымалданған. Осылайша, Қазақстанда жыл сайын әуе тасымалы, жолаушылар тасымалы 10-15%-ға артады.

Алматы қаласы халықаралық әуежайы жаңа терминалының өткізу мүмкіндігі жылына 14 миллионға, Шымкент әуежайы 800 мыңнан 6 миллионға, Қызылорданың «Қорқыт Ата» әуежайы 300 мыңнан 2 млн жолаушыға дейін өсті. Пропорционалды түрде жылдан-жылға әуежол көлігін пайдалану жағы артып келеді. Быыл Катон-Қарағай, Зайсан және Кендірлі курорттық аймақтарындағы туристік әуежайлар құрылысы тәмамдалып, Арқалық қаласының



әуежайын қалпына келтіру аяқталуда. Осы туристік маусымда Зайсан әуежайы алғашқы рейстерді қабылдайды. Сонымен бірге Павлодар әуежайының ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту, Ақтау әуежайының перронын жөндеу және Атырау әуежайы терминалын жанарту басталады. Өйтсе де, бұл көрсеткіштермен тоқмейісуге әсте болмайды.

ЕУРОПА МЕН АЗИА АРАСЫНДАҒЫ КӨШП

Елдің авиация саласында жолаушылар, жүк тасымалы бойынша бірқатар іс қолға алынды. Көлік министрлігі дерегіне, ішкі коммерциялық әуе маршруттарының саны 42 бағытты құрап, аптасына 643 рейс қатынайды. Сонымен қатар өңірлердің әуеқолік қолжетімділігіне көңіл бөлінуде. Быыл 26 ішкі бағытты субсидиялау көзделіпті. Шетелдік әуекомпанияларын тарту, халықаралық рейстер санын арттыру мақсатында елдің 17 халықаралық әуежайында «ашық аспан» режимі қолданылады. Халықаралық маршруттық желі 30 елді қамтитын 135 бағытқа дейін кеңейтілді, аптасына жалпы 626 рейс жиілігімен былтырдан бастап Гуанчжоу, Шанхай, Бүдәпешті санағанда, жалпы 35-тен астам жаңа бағыт ашылды.

Еуразиялық франчайзинг қауымдастығының басшысы, белгілі экономист Бекнұр Қисықов авиация саласын дамытудың экономикалық тиімділіктері мол екеніне сенімді. Бірақ авиапарк құру ісі орта жолда қалып, шаруа шалағай болып кетпеуін қадағалау қажет. Ол дамыған елдердегідей бір орталыққа бағынған, қазақтың ұлттық авиакомпаниясын құру идеясын дұрыс бастамаға балайды.

— Еуразия кеңістігінде Қазақстанның авиахаб құруы, локациялық, экономикалық, әуеқозғалысының уақытын үнемдеу жағынан өте тиімді. Таяу Шығыстағы, Ресей — Украина арасындағы қақтығыстар салдарынан ол жақтарда ұшу қауіптілеу. Ұшақтар Еуропа мен Азия арасында ұшу үшін 3 мың шақырым біздің үстімізден өтеді. Солардың 10 пайызы қонса да пайда. Ал бізде оларды қабылдайтын авиапарк жоқтың қасы. Air Astana, Qazaq air компаниялары бұл межені орындай алмайды, әуежайларда жекешеленіп кеткен. Дамыған державаларда АҚШ-тың American Airlines, Түркияның Turkish Airlines, тіпті Өзбекстанның Uzbekistan Airways сияқты ұлттық әуекомпаниялары сол елдің экономикасының құрамына айналып кеткен. Жанадан Астана, Алматы, Түркістаннан үлкен терминалдар салу керек. Бірақ бастама соңына дейін орындалса екен. Сондықтан ұлттық бағдарлама қабылдап, бір орталыққа бағынған Qazaq Airlines деп аталатын әуежолдарын құру өте дұрыс шешім, — деп санайды экономист.

КАДР ТАПШЫЛЫҒЫН ЕСКЕРУ КЕРЕК

Көлік министрлігінің мәліметінше, жыл сайын авиация саласында 500-600-ге жуық маман жетіспейді. Ал Азаматтық авиация академиясында бас-ағы 2 мыңның төңірегінде маман оқып жатыр. Соған қарамастан, ұшақ тізгіндегітін үшқыш, қозғалыш жөндейтін инженер, әуежайларда әртүрлі персонал тапшылығы сезіледі.

Қазақстандық инженерлердің АҚШ, Түркия, іргедей Өзбекстан мен Қырғыз

станда табанды енбек етіп жүргенін оқатекте медиалан байқап қаламыз. Білікті кадр керек екенін сала өкілдері біліп отыр. Азаматтық авиация академиясының академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Аркен Советжанұлы да маман тапшылығы барын жасырмайды. Формалды оқытудан өндірістік тәжірибеге негізделген, халықаралық стандарттар бойынша ағылшын тілін меңгере отырып маман дайындаған жөн деп біледі.

— Көпшілік авиацияда тек үшқыштар жетіспейді деп ойлайды. Шын мәнінде, кадр тапшылығы әлдеқайда кең ауқымда. Бүгінде нарыққа әуекемелеріне техникалық қызмет көрсететін инженерлер, авиациялық қауіпсіздік мамандары, әуеқозғалысын ұйымдастыратын диспетчерлер, әуежайлар мен авиакомпанияларды басқарушы менеджерлер, үшқышсыз ұшу аппараттары саласының мамандары, цифрлық жүйелер мен деректерді талдау инженерлері қажет. Халықаралық кәсіби ортада техникалық, сервистік ағылшын тілін білген жөн. Сондай-ақ ICAO, EASA, FAA стандарттары мен кәзіргі авиацияның күнделікті талаптарын игерген абзал. Формалды оқытудан нақты практикаға негізделген модельге көшу авиацияның ілгерілуіне септігін тигізеді, — деді ол.

АВИАПАРК ПЕН АВИАОТТЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Энергетика министрлігінің мәліметінше, өндірісті ұлғайту 2030 жылдарға қарай жоспарланып отыр және шамамен 1,5 млн тоннаға жетеді. Осыған байланысты авиациялық отынды импорттауға мұқтаж бола береміз. Мамандар авиаотынға кететін шығындарды азайту мақсатында көптеген келісімге қол жеткізгендерін мәлімдеді. Мәселен, ЕАЭО аумағынан тыс өндірілген авиациялық отынды импорттауды әртарапандыру, Еуразиялық экономикалық комиссия шеңберінде авиациялық отынды импорттық келендік баждардан босату, әуе тасымалдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын жанар-жағармай импортын ҚҚС-тан босату секілді амалдар бар.

Мемлекеттің авиацияны дамыту жоспары бойынша авиапарктерді жанарту ісі көзделген. Авиапарктерді дамыту, жанар-жағармай тапшылығы өз ретімен шешілме. Бұл туралы Көлік министрлігіне қарасты Азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Сәрсен Жарылғасов айтты. Салаға жауапты маманның сөзіне

қарағанда, сұраныс артқан сайын саладағы қажеттіліктерге сай жұмыс атқарылып жатқанына ұқсайды.

— 2025 жылы отандық әуекомпанияларының әуекемелері парк 12 жаңа ұшақпен толықтырылды. 2026 жылдың соңына дейін әуекомпаниялар тағы 9 әуекемелін сатып алуды жоспарлап отыр. Жалпы, әуе-парк шамамен 118 әуекемесін құрайтын болады. Авиациялық отын өндірісінің шектеулі болуына және мұнай өңдеу зауыттарында жоспарлы жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты азаматтық авиация саласы жыл сайын авиакеросин тапшылығына тап болып отыр. Көлік министрлігі Энергетика министрлігімен бірлесіп, «ҚазМұнайГаз-Аэро» ЖШС-на әуекомпанияларын жанармаймен қамтамасыз ету үшін қазақстандық әуежайлар инфрақұрылымына тікелей қолжетімділік берді. Қабылданған шаралардың нәтижесінде қазақстандық әуежайлардағы авиациялық отынның орташа бағасы бір тонна үшін 1,3 мың доллардан 1 мың долларға дейін төмендетілді. Ірі шетелдік жүк тасымалдаушы компанияларымен жұмыс істелуде. «ҚазМұнайГаз — Аэро» желдалдарсыз тікелей әуекомпанияларына жанармай құю көлемін ұлғайтуға жоспарлап отыр, осыған байланысты авиациялық отын бағасы кезең-кезеңімен төмендетілді, — дейді комитет төрағасының орынбасары.

Ұшақтардың жанар-жағармай қажеттілігі сезіліп жатыр. Азаматтық авиация комитеті берген деректерге сүйенсек, 2023 жыл өндіріс — 637 мың тонна, тұтыну — 832 мың тонна, ал 2024 жылы өндіріс — 681 мың тонна, тұтыну — 866 мың тонна, 2025 жылы өндіріс — 662 мың тонна, тұтыну 1 млн 73 мың тонна болған. Тапшылықты жою үшін отандық мұнай өңдеу зауыттарында авиациялық отын өндірісінің көлемін жүйелі түрде арттыру қажет боп тұр.

Мемлекеттік меже — Еуразияның беделді авиахабқа айналу. Осының негізінде авиацияны дамыту, саладағы кемшіліктерді жою мақсатында 2026-2030 жылдарға арналған кешенді бағдарлама бекітілді. Авиация саласын бақылайтын цифрлық e-Freight ақпараттық жүйесі енгізіліп жатыр. 25 жылдан асқан ескі ұшақтар мәселесі қайта қаралмақ. 2026 жылдан бастап әлемге өйтілі 7 сағаттан артық ұшатын Boeing ұшақтары жеткізілме. Сонымен бірге АҚШ сияқты мұхит асатын елдерге тікелей рейс ашу дүгітелуде. Аталған ой, жоспарлаған дүниелер көңіл қуантады. Егер авиация саласының бойына қан жүгірсе, біздің елдің әуеқозғалысы жанданып, экономикасы қарқынды дамып, халық әлемнің кез келген қиырына еркін ұша алар еді.

МІНБЕР

3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Көрнекті композитор, өнер зерттеушісі, жазушы, публицист, Қазақстан мен Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері Илья Жақановпен емін-еркін сұхбаттасудың сәті түсті. Сұхбат барысында біз кейіпкеріміздің өмір жолындағы ұлы ұстаздары, қазақ руханиятының тағдыры, өнердің өзара байланысы мен бүгінгі қоғамның бет-бейнесі туралы ой қозғадық. Сұхбат өткен мен бүгінді, тұлға мен ұлт тағдырын сабақтастыра сөйлеткен терең рухани әңгіме болды деген сенімдеміз.



ИЛЬЯ ЖАҚАНОВ, композитор:

ҚАЗАҚ руханиятының



ТАМЫРЫ ТЕРЕҢДЕ

— Өмір жолыңызда кімдерді өзіңізге ұстаз тұтасыз?

— Мен үшін бұл сұрақтың мәні зор. 1954 жылы Киров атындағы университеттің филология факультетіне оқуға түскен болатынымын. Сол оқуда жүрген кезімді өзімнің ең бір бақытты сәттерім дер едім. Сол университеттің қабырғасында ұлы жазушы Мұхтар Әуезов абайтану дәрісін беретін. Сондай тұлғаның дәрісін ауылдан келген карапайым балаларға тыңдау бақыты бұйырды.

Ол кісі тереңнен толғап, атакты «Абай жолы» романына деректерді қалай жинағанын, романға кірмей қалған жерлер туралы айтатын. Мұхтар Әуезовтің дәрісі жай ғана лекция емес, қазақ даласының басынан өткен сан қилы тағдырдың философиясындай көрінетін мен үшін.

Ол кісінің жүріс-тұрысы, киген киімі, өзін ұстау мәдениеті — барлығы бізді үлкен ұлағатты адамдардың сөздеріне мән беруге, оларды тыңдап, сөздерін жаттап, санаға тоқып өсуімізге ықпал етті.

Сол университет қабырғасында бізге ұлы адам Мұхтар Әуезовпен бірге Мәулен Балақаев, Ісмет Кенесбаев сабақ берді. Олардың әрбір лекциясы, әрбір сабағы біз үшін ерекше құбылыс болатын. Себебі лекция кезінде жан-жаққа қарасақ, біздің аудиторияда 65 студенттен бөлек, ақсақалдар, әскери адамдар, бәйбішелер отыратын. Сөйтсек, олар Мұхтар Әуезовтей алыпты тыңдау үшін өздері оқу орнына іздеп келеді екен. Міне, бір өзі өмірлік кітап сияқты болған Мұхтар Әуезов, содан кейін Шыңғыс Айтматов менің өмірге деген көзімді ашқан, үлкен дүниелік, рухани білім берген ұстаздарым болды деп айта аламын.

— Өзіңіз жазып жүрген шығармаларыңыздың ішіндегі рухани өмірбаяныңызға жақын қай туындыны атап өтер едіңіз?

— Зерттеген әр әнімнің қағазға түскен хикаясы, тарихы мен үшін өте қымбат. Өйткені бұл өз халқымның арғы-бергі замандағы бүкіл рухани байлығы, қазынасы, тарихы, тағдыры және біздің халқымыздың кім екенін білдіретін мәңгілік шежіресі дер едім. Осы ұлы музыка әлемін зерттеп жүріп, қазақтың ғасырлар бойы келе жатқан жолынан, дәстүрінен тайған емеспін. Менің о бастағы музыкадан алған нәрім қазақтың «Елім-ай» әнінен басталады. Міне, «Елім-ай» арқылы халқымның кім екенін, қалай, қандай жағдайда қилы тағдырды бастан өткергенін сезініп, жүрегімнен өткіздім.

Халқымыз қандай қиыншылықты, қасіретті көрсе де, соның барлығын әндерінде қалдырып отырған. Сондықтан мен өз зерттеулерімде осы нәзік дүниені жоғалтпауға, сақтауға тырыстым.

Кешегі өмірден өткен тағы бір ұлы ұстазым Ахмет Жұбанов жасаған тірлікті орта жолда қалдырмай, тереңдетіп, байытып, музыка мамандарына, халыққа жұмыр күйінде жеткізуге тырыстым. Өкінішке қарай, Ахмет Жұбанов қиыншылықты, қуғынды көп көрді.

— Сіз суретті де саласыз, музыканы да жазасыз. Жалпы, осы екі өнердің ішкі бір ұқсастығы, байланысы бар ма?

— Әйгілі Шопеннің «Сөз біткен жерден музыка басталады» деген сөзі бар. Расында, көркем шығарманы суреттеп отырғанда ән жазып не роман жазып отырғанда бітпеген, жеткізе алмай отырған ойыңды сол ғана бере алмай, толқып, тебіреніп,

қыбырлап отырған кезде музыка тыңдайсың. Сол кезде барлық жан сарайың тереңнен ашылып жүре береді.

Мейлі, ол өлең, жыр, сурет, музыка болсын, осының барлығын бізге беретін кім? Әрине, ұлы табиғатымыз. Қазақ тілі қандай кең, қандай көркем, қандай сұлу болса, біздің де шығармаларымыз



Өнердің бір-біріне байланыстылығы сол – өнер адамның жанын жан-жақты толықтырып тұратын керемет құбылыс. Бұл кереметті тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Кезінде «Еділ мен Жайықты» қалай армандап шығарсам, ендігі арманым – Шу мен Арқаның ортасындағы байтақ дала туралы жазған әнімді еліміздің түкпір-түкпіріне жеткізу.

әсемдікті бере алды деп ойлаймын. Және өнердің арасындағы көркем байланыстың өзі осы ерекшелікті көрсетіп тұр. Атырауға келіп қоныстанғаннан кейін, 76 жасымда Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің сурет факультетіне оқуға түстім. Шындығында, менің сурет әлеміне қадамым бес-алты жасымнан басталды. Ол кезде суретті даладағы тақырға, тастың бетіне салатынымын. Әйтеуір, сол өнерге деген ғашықтық айналыдырып 76 жасымда университетке алып келді. Өнердің киесіне ұрынбау үшін де оған адалдық керек.

Менен өнердің бір-біріне байланысын сұрап отырсыз ғой. Өнердің бір-біріне байланыстылығы сол — өнер адамның жанын жан-жақты толықтырып тұратын керемет құбылыс. Бұл кереметті тілмен айтып жеткізу мүмкін емес. Кезінде «Еділ мен Жайықты» қалай армандап шығарсам, ендігі арманым — Шу

біліктіліктің, өресі зор, мәдениеті биік халықтың бойынан табылатын қасиет. Демек, осындай дара тұлғалардың өмірге келуі — заңдылық. Шынын айту керек, біздің халқымыз жан-жақты бай халық, рухани жағынан да, өнерден де, ғылымда да, әдебиетте де болсын мұраға және дара тұлғаларға бай. Айталық, Олжас Сүлейменов. Міне, ол кісінің арқасында біз кешегі ядролық қасіреттен құтылдық.

Қазір өнеріміз керемет өркендеп бара жатыр.

Әншілеріміз, шахматистеріміз, спортшыларымыз бар. Оның барлығы — еркіндік. Енді есірмеуіміз керек. Шетелден рақат іздемей, бар махаббат, мейірімізді туған елімізге беруге тиіспіз.

Құдайдың өзі беріп отырған жақсы заманымыздың ұлы тыныштығын бұзбауымыз керек. Жастардың арасынан Димаш Құдайбергнді ерекше атап өткім келеді. Димаштың талантының арқасында әлем қазақша ән айта бастады. Димаш ұлттық музыкамызды, тілімізді, болмысымызды әлемге танытып жатыр. Шырқай берсін, жас талант дегім келеді. Димашпен бірге гроссмейстер Бибісара Асаубаева әлемді мойындатып отыр. Осындай байсалды мінезімен халқымызды

осылай толғады. Иә, жылымықтың өзі оңай болған жоқ. Біз сияқты зерттеушілерді архивке емін-еркін кіргізбейтін. Қысылып, қымтырылып жүріп, көп нәрсені алып қалдық.

Қазақ халқының даналығы, тереңдігі археологиядан бастап, біздің рухани құндылықтарымызда жатыр. Шүкір, Тәуелсіздікпен бірге ұлан-ғайыр қазақ даласы оянды. Хандарымызға, билерімізге, батырларымызға, акын-жазушыларымызға арнап тұрғызан ескерткіштеріміз қазақ даласын үлкен галереяға айналдырды.

Сондықтан қазіргідей бастан кешіріп жатқан бақытты кезеңнің қадіріне жете білуіміз керек. Жас ұрпақтың да түсінігі жақсы боп келе жатыр. Тек сақ болатын бір мәселе — біздің халықты бүлдіретін, рухани жағынан аздырып тоздыратын, жаман әдеттерге салыну, артық байлықпен есіріп, тойынғандық.

Бұл туралы кезінде Абай: «Тамағы тоқтық, Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын», — деп күйінген еді.

Сондықтан мен аштықтан, жалаңаштықтан, жетіспеушіліктен қорықпаймын. Мені қорқытатыны — зердесіздік, ойсыздық, арғы-бергі өмірден, тарихтан хабары жоқ, көр пенделер. Осы күйзелістің үстінде Абайдың:

«Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман. Шошымн кейінгі жас балалардан. Телміріп, терін сатпай, көзін сатып, Төп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман», —

деген өлеңіне үйілеп отырып ән жазып едім. Құдайдың өзі бізге арманымызды орындап, Тәуелсіздік алып берді ғой. Қазір біз еркін елдің бақытты адамы болып отырмыз. Алайда дәл біздің қоғамда елдің сенімін аркалап билікке барған адамның көбі қазір паракорлықпен ұсталып жатыр. Осы бір тұрақсыздық көңіліме қаяу түсіреді.

Француздың актері Ален Делонның «Осы қоғамның адамдарын көргім

келмейді. Жан-жағымның бәрі алдамшы, тұрақсыз, адамды сыйлай білмейтін адамдар» деген сөзі бар. Өкінішке қарай, бұл сөздердің біздің қоғамға да тікелей қатысы бар. Қоғам рухани жағынан жүдемесе екен деп тілеймін.

— Жастарға айтар аманатыңыз бар ма?

— Алғыр, патриот, білімді жастар өсіп келе жатыр. Мемлекет саясатын жүргізіп отырған тұлғалар жастардың талантын, мүмкіндігін ашатын жағдай жасауы керек. Жастарымызға әлі күнге дейін материалдық қолдау жетіспей жатыр.

Мемлекет тарапынан жастарымызға мейірім, ықылас, қамқорлық керек. Жақсы мінез әдетте ақылдан туады. Ақыл қайдан шығады? Ақыл өзімізден, мемлекеттің жүргізіп отырған ұлттық идеологиясынан, тәрбиесінен шығады. Мысалы, үйімде қазір төрт шөберем бар. Кішкене Мағжан жылай бастаса, үлкені Асылхан жүгіріп келіп, оны әнмен жұбатады. Қандай әнмен дейсіз ғой, «Дудараймен». Бұл менің отбасымдағы қалыптасқан өмірдің ықпалы, тынысы, әсері деп ойлаймын. Жастарымызды қолдап жүрейік, себебі олар еліміздің болашағын жасайды.

— Әңгімеңізге көп рақмет!

Сұхбаттасқан
Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау облысы

ДОДА

3 АҚПАН 2026 | СЕЙСЕНБІ

Әлем көз тіккен УЕФА Чемпиондар лигасының жалпы кезеңі бітті. Алматылық «Қайрат» футбол клубының даңғыл жолы осымен тәмам. Соңғы турда лондондық қарсылас «Арсеналмен» текетіресіп, бір сүйсініп қарайтын ойынға ұласты. Азулы қарсыластан 3:2 есебімен жеңілсек те, «Эмирэйтс» стадионын бір шулатып алғанымыз тағы бар. Өйткені жалпы кезеңді бірінші орынмен аяқтаған «Арсенал» футбол клубы 8 матчта қарсыластарынан 4 гол ғана өткізген. Соның екеуі қазақстандық ұжым еншісінде.



КӘРІ ҚҰРЛЫҚҚА ЖОРЫҚ: АЯҚТАЛҒАН «ЕРТЕГІ»

Жалпы, Чемпиондар лигасында еліміздің командасы осыдан 10 жыл бұрын ойнаған еді. Ол кезде елордалық «Астана» футбол құрамасы топтық кезеңде ойнап, керемет сенсациялық нәтижелер тіркеген. Иә, көп жағдайда аутсайдер командалар назардан тыс қалып жатады. 10 жыл бұрынғы нәтижелерді алматылық «Қайраттан» біз де күттік, сеніміміз де мол болды. Алайда формат мен футбол ойнау дәстүрінің өзгеріске ұшырағаны аз да болса ықпалын тигізгені рас. Дегенмен «Қайраттың» өткізген осы 8 ойыны тарих сахнасына жазылып, ел аузында әлі талай айтылары сөзсіз.

«Сары-қаралардың» лигадағы жолын бір шолып өтейік. Чемпиондар лигасының жаңа форматы биыл екінші рет тәжірибеден өтіп отыр. «Әзірге ешқандай даусыз әрі әділ өтіп жатыр» деп пікір білдірген еді мамандар. Қайрат негізгі кезеңде сегіз ойын өткізіп, тек бір ұпаймен шектелді. Иә, қарсыластарымыз Еуропада үздік саналып жүрген командалар болғандықтан олардан ұпай алу қиынның қиыны. Десе де, кейбір матчтардың тағдыры өз қолымызда тұрғандай көрінген еді. Алғашқы ойынды Португалияның бірнеше дүркін чемпионы «Спортингке» қарсы өткіздік. Есеп 4:1. Одан кейінгі ойын Алматы қаласында карольдік клуб «Реал Мадридке» қарсы өтті. Бұл ойында 0:5 есебімен айқын басымдық испаниялық командаға тиесілі болды. 3-тур Миланда өтті. Ол кездесуде «Интерге» қарсы ойнап, 2:1 есебімен жеңіс қожайындарға бұйырды. Ал Грекияның «Олимпиакосына» минималды есеппен (0:1) есе жібердік. Келесі қарсылас «Копенгагенге» біраз қысым жасасақ та, даниялық команда жеңісті жұлып алып кетті. Есеп 2:3. Өз аланымызда Бельгияның «Брюггесіне» 1:4 есебімен ойсырай ұтылсақ, Кипрдің «Пафосымен» тарихи бір ұпайға қол жеткіздік.

Соңғы турда «канониерлер» 3:2 есебімен «Қайраттан» басым түсті. Иә, барлығы «Қайраттың» гол соғатынына мүлде сенбеді. Тіпті ірі есеппен ұтылады дегендер де аз болмады. «Арсенал» алматылық ұжыммен жолықпаса бұрын өткізген 7 ойынның барлығында жеңіске жетіп, қарсыластарына еш мүмкіндік қалдырмаған. Әсіресе, «Арсенал» қорғаушылары келген шабуылдың бәріне тосқауыл қойып, сауатты қорғана білді. Оған дәлел 7 ойында небәрі 2 ғана голды қақпасына өткізген болатын. Оның бірі «Интер» болса, бірі «Бавария». Енді осы тізімге 2 гол соғып «Қайрат» та қосылды. Матч соңында «Эмирэйтс» стадионындағы жанкүйерлер қол шапалақтап, «Қайратқа» ізгі ілтипатын көрсетті.

«Қайрат» футбол клубының бас бапкері Рафаэль Уразбахтин УЕФА Чемпиондар лигасы жалпы кезеңіндегі «Арсеналға» қарсы матчтан кейін баспасөз мәслихатында ойынға қатысты пікірін айтқан болатын.

— Біздің футбол ертегіміз аяқталды деп айтсақ болады. Баға жетпес тәжірибе алғанымызға өте қуаныштымыз. Біз топ-клубтарды Қазақстанға әкелдік. Бұл біздің басты жеңісіміз. Осы серпіні арқылы елдегі футболдың дамуы одан әрі қарқын алады. Ойынға келетін болсақ, біз топ-командамен кездестік. Жітіттерді өздерін толық беріп ойнағаны үшін әрі кей жерлерде сапалы ойын көрсеткені үшін мақтадық. Алғашқы минуттарда біраз шатасып қалдық. Стадионның әсері болған шығар. Біз қарсыластың ойынын қапталға қарай бағыттауға және тіке пас өткізбеуге келістік. Соншалықты жылдам гол жібергеніміз есімде жоқ. Қарымта шабуылда пенальти алғанымыз жақсы болды. Сол гол болмаса, психологиялық тұрғыдан ойнау



өлдекайда қиын болар еді. Менің ойымша, бұл матчты лайықты өткіздік, — деді бас бапкер.

Иә, жалпы кезеңге өткеніміз үшін «Қайратқа» алғыс айтуымыз қажет-ақ. Себебі мұндай деңгейдегі турнирлер тек команда үшін ғана емес, ойыншылар үшін де маңызды болғаны өтірік емес. Бас бапкер бұған дейін «Қайраттың» жалпы кезеңге шығуының өзін жетістік санап, қалған матчтарды жан рақаттары үшін ойнайтынын жеткізген еді. Спорт сарапшысы Дидар Есемовтің айтуынша, «Қайрат» клубына жалпы кезеңде өз аланымыздағы жеңістер жетіспеді.

— Қайраттың Чемпиондар лигасындағы жолы өте әсерлі болды деп ойлаймын. Жалпы кезеңге шығады деп ешкім күткен жоқ. Соған қарамастан, команда осындай нәтижеге қол жеткізіп отыр. Бұл — біз үшін үлкен мақтаныш әрі қазақ футболының жаңа деңгейге көтерілгенінің айқын көрінісі. Дегенмен жалпы кезеңде өз аланымызда жеңістер жетіспеді. «Пафос» секілді клубтарды ұта алатындай әлеуетіміз бар еді, бірақ жолымыз болмады. Соған қарамастан, «Қайраттың» әлеуеті жоғары екені анық. Бұған сырт алаңда соғылған голдар айқын дәлел. Аздаған тәжірибе жетіспеген тұстар да болды. Егер жыл сайын жалпы кезеңге шығып отырсақ, алдағы уақытта жеңістер мен нақты жетістіктер де міндетті түрде келеді, — дейді сарапшы.

Сонымен қоса спорт комментаторы «Қайраттың» келер жылдағы өнеріне болжам жасады.

— Келесі маусымда Чемпиондар лигасына шығуды болжау өте қиын. Себебі қарсыластар



әзірге белгісіз, жеребенің қалай түсетіні де үлкен рөл атқарады. Мұндай факторлардың барлығын ескермей, алдын ала нақты болжам айту оңай емес. Дегенмен мұндай жетістік тұрақты түрде қайталанады деп кесіп айтуға да әлі ерте. Өйткені «Қайраттың» топтық кезеңіне шығуы белгілі бір деңгейде жолымыздың болғанын да көрсетті. Сондықтан қазір тұрақтылық туралы айту қиын. Алайда бұл нәтиже клубтың әлеуеті бар екенін, дұрыс бағытта жұмыс жүргізілсе, мұндай мүмкіндіктер алдағы уақытта да туындауы мүмкін екенін аңғартады, — дейді Дидар Есемов.

Тағы айта кететін жайт, «Қайрат» УЕФА Чемпиондар лигасына қатысып қана қоймай, қорғаушы Георгий Зария. Грузиялық ойыншы алматылық клуб сапына 2024 жылдың басында қосылған еді. Ол алғашқы ресми матчында-ақ дебют жасап, бірден гол соғып, жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленген. Жалпы алғанда, Георгий Зария «сары-қаралар» жейдесінде 59 матч өткізіп, 16 гол соғып, 11 нәтижелі пас берді. Осы көрсеткіштерімен ол «Қайрат» клубының тарихында өз есімін алтын әріппен қалдырды. Одан бөлек, бас бапкер тағы да командадан Егор Сорокин, Юг Станоев, Валерий Громыко кететінін хабарлаған болатынын. Спорт сарапшысы Дидар Есемовтің сөзінше, «Қайрат» жаңа ойыншыларды алуды көздеп отыр.

Өкініштісі, маусым аяқталғаннан кейін «Қайраттан» бірқатар ойыншының келісімшарты аяқталды. Олардың бірі — 28 жастағы жартылай қорғаушы Георгий Зария. Грузиялық ойыншы алматылық клуб сапына 2024 жылдың басында қосылған еді. Ол алғашқы ресми матчында-ақ дебют жасап, бірден гол соғып, жанкүйерлердің ыстық ықыласына бөленген. Жалпы алғанда, Георгий Зария «сары-қаралар» жейдесінде 59 матч өткізіп, 16 гол соғып, 11 нәтижелі пас берді. Осы көрсеткіштерімен ол «Қайрат» клубының тарихында өз есімін алтын әріппен қалдырды. Одан бөлек, бас бапкер тағы да командадан Егор Сорокин, Юг Станоев, Валерий Громыко кететінін хабарлаған болатынын. Спорт сарапшысы Дидар Есемовтің сөзінше, «Қайрат» жаңа ойыншыларды алуды көздеп отыр.

— Зария мен Громыконың кетуі «Қайратқа» айтарлықтай қиындық туғызады деп айта алмаймын. Себебі Зария бұл маусымда бұрынғыдай жоғары деңгейде ойын көрсете алған жоқ. Ал Громыконың «Қайраттағы» жолы аяқталды деп есептеймін. Қазір клуб тұрақты, орталық жартылай қорғанысқа жаңа ойыншы іздеп жатқандай әсер қалдырады. Өйткені дәл осы аймақта қарлық қажеттілік бар. Қазір трансферлік кезең жүріп жатыр, құрам жаңарып келеді. Егер сапалы жаңа ойыншылар қосылса, «Қайраттың» еурокубоктарда бәсекеге түсіп, жоғары мақсаттар үшін таласуына толық мүмкіндік бар, — дейді ол.

Қорыта айтқанда, «Қайрат» осы маусымда әр футбол жанкүйерін сөзсіз зейфорияға бөледі. Көрші Өзбекстан елі Әлем чемпионатына іріктеліп жатқан кезде біз біраз кенжелеп қалған едік. Енді міне, атақ-даңқы жер жарған УЕФА Чемпиондар лигасында өнер көрсетіп, бұл турнирдің қожайыны аталып кеткен «Реал Мадридтің» өзі Алматыда доп тепті. Әлем жұлдызы Килиан Мбаппемен бір



стадионда, бір ауаны жұтып отырмын деген халық қарасы да керемет көңіл сыйласты. Осылайша, «сары-қаралар» үшін еурокубок маусымы ұмытылмас сәттерге толы болды. «Қайрат» футбол клубы қаншалықты біз күткен нәтижені көрсете алмаса да, халықты біріктіре алды. Сурапыл командалардың жанында қауқарлы екенімізді дәлелдеді.

ЕЛЕНА РЫБАКИНА ЖЕҢІМПАЗ АТАНДЫ

Қазақстан әйелдер құрамасының көшбасшысы Елена Рыбакина Аустралияның Мельбурн қаласында өткен Australian Open-2026 турнирінің жеңімпазы атанды.



Финалда қазақстандық теннисші әлемнің бірінші ракеткасы Арина Соболенкомен (Беларусь) кездесті.

Алғашқы сет Рыбакинаның пайдасына аяқталды — 6:4. Екінші кезеңде дәл осы есеппен қарсыласы басым түсті. Шешуші сетте қазақстандық спортшы тағы да басым түсіп, 6:4 есебімен жеңіске жетті.

Осылайша, Елена Рыбакина Australian Open турнирінің чемпионы атанды. Бұл — оның мансабындағы «Үлкен дулыға» турнирлеріндегі екінші жеңісі. 2022 жылы отандасымыз Уимблдон турнирінде топ жарған болатын.

АЛТЫН МЕДАЛЬ ЕНШІЛЕДІ



Әйелдер күресінен Қазақстан құрамасының өкілі Жәмила Бақбергенова Ресейдің Красноярск қаласында өткен халықаралық турнирдің жеңімпазы атанды.

Отандасымыз дәстүрлі Иван Ярыгин кубогында 72 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде финалда жеңіске жетті. Шешуші белдесуде Бақбергенова Болртунгалаг Зоригтты (Монғолия) жеңді. Нұрзат Нұртаева (Қырғызстан) мен Ксения Буракова (Ресей) үшінші орын алды.

Айта кетейік, бұған дейін бұл турнирде Лаура Алмағанбетова (55 келіге дейін) мен Виктория Хусайнова (59 келіге дейін) күміс жүлдеге қол жеткізген болатын.

ШОРТ-ТРЕКТЕГІ БІР БЕЛЕС

Қазақстан шорт-тректен АҚШ-тың Солт-Лейк-Сити қаласында өтіп жатқан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында екінші медальға қол жеткізді.



Бұл жолы ұлттық құрама қоржынына жүлдені Богдан Вехов салды. Отандасымыз 1 мың метр қашықтықта сәтті өнер көрсетті. Вехов 1:24.177 уақыт көрсеткішімен мәре сызығын кесіп, қола жүлдегер атанды.

Алтын медальді Оңтүстік Корея өкілі Пак Соджун (1:23.802) жеңіп алса, күміс жүлде Қытай спортшысы Юйхэн Лиге (1:23.903) бұйырды.

Айта кетейік, бұған дейін Қазақстан әйелдер құрамасы эстафеталық жарыста үшінші орынға ие болған еді.

Бетті дайындаған Әсет ҚАЛИ

 AMANAT MEDIA GROUP Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ	Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары Мадияр ТӨЛЕУ – Шығарушы редактор Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі	АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР: Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ – Алматы қаласы Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы Жанат ҚАЛЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы Банн ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы	«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ: Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102 Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102 Жеке жазылушылар үшін – 65102 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: 8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31 reklam.aikyn@gmail.com ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ: 8(717) 804-61-32 podpiska.alt@gmail.com Газет аптасына 3 рет шығады	Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді ТАРАЛЫМЫ: 40 000 Тапсырыс №4699 Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77 Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ Мұқанов көшесі, 223 Б Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,
---	---	--	--	---